Адамзаттың бірлігі идеясы моральдың квинтэссенциясын құрағанымен, жоғарыдағы анықтама оның толық мазмұнын қамтымайды. Адамгершілік идеал әртүрлі альтуристік әрекеттерде, сүйіспеншілік пен достық этикасына негізделген моральдық бағдарламаларда практикалық тұрғыда іске асады. Сүйіспеншілік пен достық белгілі бір дәрежеде осы идеалдың бейнесі бола алады. Алайда бөлектенген әлемде бірлік, теңдік және туыстық идеяларын тарихта жеке, партикулярлық мүдделердің тасымалдаушылары болып табылатын әр түрлі әлеуметтік агенттері қабылдайды, негіздейді және түсіндіреді. Маркстік этиканың негізін құрайтын және көптеген социологиялық этикалық теорияларда әртүрлі нұсқаларда молынан ұшырасатын моральдың таптық концепциясы моральдың дәл осы қырын бейнелейді. Соған сәйкес біз тарихта да, әрбір қоғамдық жүйеде де қанша әлеуметтік агент (субъект) болса, моральдың сонша түсіндірмесін табамыз; және тек осы мағынада ғана мораль тарихи өзгермелі болып табылады.

Әлеуметтік анықталған адамгершілік жүйеде екі үрдісті аңғаруға болады. Біріншіден, әрбір әлеуметтік агент моральдық тұтастық түсінігі мен оған жету жолының өзіндік ұғымын ұсынады. Адамгершілік өсиеттер бейнеленетін жалпы форма осы интенцияны білдіреді. Екіншіден, адамгершілік шеңберінде әлеуметтік-таптық мүдделердің моральдық идеалға апелляциясы арқылы ақталуы жүзеге асады. Тарихи аренаға шыққан әрбір тап жер бетінде кемелденген патшалықты орнатуда мессиандық (құтқарушылық) рөлге ұмтылады және бұл өз мүдделерін іске асырумен қоса таңады. Батыстық құндылықтар әлеміне тән таптық жүйе моральдарының апологеттік сипаты осыдан туындайды. Осылай-

ша олар антагонистік идеологиялық жүйелерді білдіреді және өзінің осы болмысында моральдың негіз құраушы идеясы ретіндегі адамзаттың бірлігін бұзады.

Моральдың тарихилық тегінен басқа дараланған көзі бар. Адамдар арасындағы қатынастардың тұтастығының тәжірибесін әрбір адам өркениеттің тарихи шеңберінде өзекті түрде, индивидуальдық тәжірибе ретінде қабылдайды. Өңгіме қандас-туыстық байланыстар да, ең алдымен ана мен нәресте арасындағы қатынастарда болып отыр. Бұл жерде альтруизм мен өзін құрбан ету айқын көрінетін тек ананың балаға қатынасы ғана емес, өзімшілдікпен сипатталатын баланың анаға қатынасы да маңызды. Нәрестенің қажеттіліктері әдетте, ешқандай мүддесіз, балалықпен өтеледі. Атақты психоаналитик Э. Фромм негізгі моральдық стереотиптерді осы үлгіден, осы стандарттан әкеліп шығарады [Фромм 1988, с. 443].

Пайда ұғымы да құндылықтық санаға жатады, бірақ ол қандай да бір мүдделерге қатынастағы әлеуметтік құбылыстардың жағымды мағынасын бейнелейді. Классикалық тарихи-философиялық дәстүрге сүйеніп, пайдаға мынадай анықтама беруге болады: «пайда – бұл берілген мақсаттарға жетуге жарамды құралдардың сипаттамасы» [Аристотель 2002, 1376 с.]. Егер адам мақсат ретінде ойластырылған нәтижеге жету барысында қажетті құралдарды орынды пайдаланса және сол нәтижеге жетсе, әдетте оның әрекетін табысты деп атайды, ал егер бұл нәтижеге барынша аз шығынмен жетсе, оның қимылы мен қолданған құралдарын тиімді деп атайды. «Пайда», «табыс», «тиімділік» ұғымдары практикалық (грекше *praxis* – әрекет, практика) ойлаудың негізгі түсініктері. Мұны арнайы қолданбалы ғылым – праксеология зерттейді.

Алайда пайданың екінші қыры бар екендігін ұмытпаған жөн. Егер пайданың қандай да бір мүдделерге қатысында анықталатынын ескерсек, онда оның ішкі мәні мақсат ретінде өтелетін мүдделердің сипатына қарай ерекшеленеді. Мысалы индивидтер мен топтардың жекелеген мақсаттары өзге агенттердің мүдделері есебінен жүзеге асуы мүмкін. Сондай-ақ индивидтер мен жалпы мүдделерінің өтелуі өзгелердің мүддесін қайшы келуі мүмкін. Алайда бұл арам пиғыл емес, жүйенің кемшілігі ретінде бағаланады. Сол сияқты топтар мен қоғамның мүддесіне жеке пайда ретінде де, жалпы игілік ретінде де бағалана алады.

Осы жерде, жалпы пайда жалпы игілікке жатқызылса, пайда мен ізгілікті бөліп қарастырудың қандай қажеттілігі бар деген сұрақ туындайды. Кезінде И. Бентам қарсыластарымен пікірталастыра отырып, былай деген: «ізгілік пайдаға еш қарсы келмейді, мүдделер әртүрлі болатындықтан ізгілік үлкен мүдде үшін кіші мүддені құрбан етуді білдіреді» (Бентам И). Бұл идеяны XIX ғасырдағы орыс ойшылы

Н.Г. Чернышевский онан ары жалғастырды: Үлкен ләззат – пайда, ал тұрақты пайда – жақсылық, бұл пайданың ең жоғарғы деңгейі сияқты, өте пайдалы сияқты [Чернышевский 1951, с. 348].

Утилитаризмнің осы логикасы түсінікті болғанымен, ол онан ары талдауды қажет етеді. Пайдалы іс-әрекетті тек праксеология ғылымы ғана емес, келесі бір қоғамдық ғылым – саяси экономия да зерттейді. Онда пайдалылық белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделерді өтеуге қабілеттілік тұрғысынан алғандағы заттар мен қызметтердің сипаттамасы, тұтынушы күш ретінде қарастырылады. Алайда саяси экономия тұтынушы құнды оның қоғамдық мағынасында зерттейді, яғни пайдалы нәрселер мен қызметтер өндіруші мен оның отбасының жеке тұтынысы емес, сату үшін (бұл жерде сату мен ақша алу өндірістің басты мақсаты түрінде көрінеді) өндірілетін жағдайдағы тауарлы формада зерттейді. Утилитаристердің тұжырымдарының қаншалықты моральды екендігін мынадай мысалдарымен түсіндіруге болады. Саудагер көп ақша төлейтін тұтынушыларды оп-оңай тауып ала отырып, өз қызметтерін ұсынады. Онан да респектабельді бизнестің түрлері бар: экологиялық зиянды техникаларды, темекі өнімдерін, алкогольді сусындарды өндіру. Мұның бәрі социомәдениет, моральдық тұрғыдан алғанда «жалпы игілікке» қайшы келгенімен, едәуір кіріс келтіреді. Демек, мұны былайша түйіндеуге болады: тауарлар мен қызметтерді нарықтық қатынастарға тарту олардың кейбір түрлерінің қоғамның адамгершілік ахуалына зиян келтіргенімен, адам бойында жаман қылықтар екенімен оны экономикалық тұрғыдан ақтайды.

Осылайша, тұтынушы құндылық түріндегі пайдалылық кейбіреулердің, кейде көпшіліктің, тіпті қоғамның мүдделерін жауап бере отырып, сонымен бір мезгілде моральдық түсініктер мен идеалдарға қайшы келеді.

Сонымен бірге, пайдалылықты саяси-экономикалық тұрғыдан талдау пайдаға бағдар ұстанған адамның өз мақсатын тек қоғамдық қатынастарға қосылып қана іске асыратынын көрсетеді. Егер пайдалылық әртүрлі тауарлар мен қызметтердің сапаларын нарықтық салыстыру процесінде айқындалса, ал адам бұл қатынастардың шеңберінде өмір сүретін қатынастарды, қайталана сынақтан өткен жүріс-тұрыс стратегияларын, стандарттар мен ережелерді қабылдауға мәжбүр. Басқаша айтқанда, нарық деп аталатын әлеуметтік кеңістікте құндылық ретінде тек пайда ғана айқындалып қана қоймай, пайдаға ұмтылушы адам да осы кеңістіктегі өз орнын тапқанда ғана әлеуметтік анықталған адамға айналады.

Сонымен ізгілік пен пайданы бітімге келтіруге бола ма? Эгоизмнің саналылығы мен мүдденің ортақтығын ескеріп, пайдалылық принципін қалыпты жүріс-тұрысқа енгізгенде адамгершілік пен мақсаттылық

бір-біріне сай келетін тәрізді. Пайдалылық принципі адам санасында үстемдікке ие болысымен ол өзге реттеуші тетіктерді ығыстырып шығарады. И. Бентам үшін егер адам пайдалылық принципін игерсе болды, ол өзге жетекші құндылықтарға мұқтаж болмайды. Бірақ мәселе онда емес. Пайдаға бағыт ұстанған санадағы бағдарға жатпайтын кезкелген құндылықтар ілеспелі немесе екінші деңгейдегі деп мойындалады. Құндылықтардың мұндай орналасуын этикадан да, моральдан да аңғаруға болады. Дж.С. Милль стоиктермен, Спинозамен, Кантпен және өзгелермен жартылай келісе отырып, мынадай тоқтамға келеді: «Утилитарлық доктрина бойынша ізгілік шын мәнінде мақсат емес, тек мақсатқа жетудің құралы ғана» [Милль 1996]. Өзінің осы ойымен ол иелену сыйлаудан маңыздырақ деген түсінікке саясатын адамгершілік сананың өзі логикалық жүрісін қорытындылады.

Прагматизмде (грекше *pragma* – іс, әрекет) баю мен үлгеруге деген құмарлықтың жетекшілігі сондай, ол барлық итермелеуші мотивтерден бас тартып, құдіреттіліктің шоғырланған күші ретіндегі акшаға қарай бағдар ұстанады. Алайда, Гегельдің айтуынша, ізгіліктің өз шектері, шарттары мен тәуелді қатынастары бар. Жеке бас пайдамен сипатталатын бұл шекарада ізгілік пен парызға да орын қалғанымен, ол адамның өмірлік көріністерінің кемелдігін жоққа шығарады [Гегель 1975, с. 116]. Осыған орай Гегель прагматикалық санаға деген шыншыл көзқарасты ұстанады және бұл ой гуманистік пайымдауда бүгінгі күнге дейін дамытылып келеді. Гегель, оның артын ала В. Зомбарт, Э. Фромм – әрқайсысы өз бетінше – өзімшілдік пен пайдакүнемдік адам бойындағы басты қасиет – сүйіспеншілікті тұншықтырады деп есептеді. Сүйіспеншілік, әрине, жомарттықты білдірсе, ал өзімшілдік тек өзін сақтауға ғана қабілетті, бергеннің өзінде, фауыстық үлгі бойынша, жанын ібіліске ғана береді.

Шындығында, прагматизм іскерлік ретінде өзімшілдікте жүйелі бола алмайды деп айтуға болады және нағыз іскерлікке пайдаға ұмтылған сананың шектеулігі қайшы келгендігінен ғана емес. Прагматик ертеңгі күнің үшін бір нәрселерден бас тартуға әрқашан дайын және бүгін шешетін нәрселерді ертеңге қалдырмайды. Мұның бәрі солай. Бірақ прагматикте келешекке деген бағдар да, әлеуметтік жаңашылдық та, ойлаудың икемдігі де бір-ақ нәрсеге – үлгеруге, кіріс келтіруге, пайда табуға бағындырылған. Онсыз ол прагматик, «іс істеуші» адам бола алмайды.

Прагматизмнің әлеуметтік мәнін, дәлірек айтқанда, пайдалылық принципі орын тебетін, жекелеген мүдделердің араласатын, қақтығысатын және іске асатын оның әлеуметтік кеңістігін түсіндіру, мораль мен пайданың арақатынасына басқаша қырынан үңілуге мүмкіндік береді. Әрине егер пайданы пайдакүнемдікпен араластырмаса (ал өзара

түсіністік, айырбас пайдакүнемдіктің жүгенсіздігіне шек қояды). Пайда принципі жеке мүдделердің үйлесімділігінің маңызды тетігі түрінде емес, жалпы мүдденің өтелуіне, яғни жалпы игілікке жақындататын мүдделерінің синергетикасы түрінде де көрінеді. Шындығында жеке мүдденің субъектілері индивид немесе оқшауланған (партикулярлы) топ болып саналады және айырбас пен бірігіп пайдалану қатынастары бұл оқшаулықты бекіте түседі. Бірақ сонымен қатар олар оқшауланған субъектілерді (индивидтерді немесе топтарды) бірігуге мәжбүрлейді.

Әрине, ізгілік пен пайдалылық принципінің арасындағы келісім өмірде кездесетін нақты қайшылықтар сияқты, жоғарғы этикалық тұрғыдан алғанда мүмкін емес. Бірақ мұқият талдау мына сұрақты дәлірек қоюды талап етеді: пайдалылық принципі қандай моральға қайшы келеді? Ол адамға деген шексіз сүйіспеншілікке және кемеліне келген универсалды құндылықтарға бағдар ұстанатын моральға немесе моральдық құндылықтар жүйесіне қарсы келеді. Бірақ бұл құндылықтар моральдың мәнді өзегін құрағанымен, оның бүкіл мазмұнын қамти алмайды. Жоғарғы құндылықтар нақтылықпен практикалық құндылықтар арқылы, оның ішінде пайда арқылы да байланысады. Сонымен пайдалылық принципі қандай моральды қалайды? Жеке мүдделердің өзара әрекетін реттейтін қатынастарға әділеттілік (сіңірген еңбегіне қарай), теңдік (құқықтық) және тұлға автономиясы принциптері сақталылатын әлеуметтік келісім моралі сәйкес келеді. Адамның абыройын, тұлғаның құқықтарын құрметтеуді талап ету осыдан туындайды. Қоғам осы принциптер іске асатындай жағдайдағы деңгейге жетсе, пайдалылық принципі ешқандай меркантилдік жапсырманы қажет етпейді.

Аталған этика-экономикалық нормалар бүгінгі нарықтық қоғамда өзінің өзектілігімен көзге түседі және жиырмасыншы ғасыр адамының құндылықтар жүйесінде алдыңғы орынға көтеріледі. Жалпы жиырмасыншы ғасырдың адамзат өркениеті тарихында алатын орны ерекше. Егер бұл ғасырдың ортасына дейін адамзат тағдыры өзінің бұлыңғыр күндерін бастан кешірсе (екі дүниежүзілік және аймақтық соғыстар, ядролық қатер, тоталитарлық жүйелердің қалыптасуы, аштық, кедейлік, экологиялық және мәдени дағдарыстар), ғасырдың соңында бүкіл планетада гуманизмнің принциптері бекітіле бастағаны байқалады. Тоталитарлық эксперименттердің күйреуі, жалпыадамзаттық жербесікті қалыптастыру қажеттілігі, интеграциялық процестердің күшеюі жалпы гуманистік ахуалдың қалыптасуына оң әсерін тигізуде.

Алайда бұл ғасырдың басты үрдісі – техногендік өркениеттің әлемдік таралуы және қарқынды дамуы. Әдетте, постиндустриалды қоғам, ақпараттық өркениет, посткапиталистік қоғам деп түрліше аталатын бұл

өркениеттің түрі өзінің өте динамикалық шапшандығымен ерекшеленеді. Кейде вестернизация (батыстандыру) деп аталатын бұл процесс өзінің дамуы барысында дәстүрлі қоғамдарға тән құндылықтарды түбірімен трансформацияға ұшыратуда.

Нарықтық шаруашылықтың негізгі белгілері отырықшылық пен қала мәдениетінің, жазудың, меншіктің, мемлекеттің, азаматтық қоғамның алғашқы нышандары пайда бола бастаған ежелгі дүниенің өркениет ошақтарында қалыптаса бастады. Ұзақ эволюциядан өткен бұл қатынастар жаңа заманда Еуропадағы тауар-ақша қатынастары мен машиналы төңкерістің орын алуы нәтижесінде жедел қарқынмен дамып, өткен ғасырда бүкіләлемдік сипат алды.

Индустриялық қоғамның әлеуметтік принциптері социологиялық әдебиеттерде жан-жақты зерттелген, ал осы буржуазиялық қоғамның шаруашылық мәдениеті мен этикасы М. Вебердің еңбектерінде [Вебер 1990, с. 156] сөз болады. Капитализмнің өсуі ағартушылықтың кең қанат жаюымен, ұлттық мәдениеттердің қалыптасуымен, әлеуметтік–мәдени реттеудің компоненті ретінде азаматтық құқықтың бекітілуі сияқты мәдени өзгерістермен қатар жүрді. Кейінірек ғылыми-техникалық төңкерістің нәтижесінде өндірістік еңбек пен ғылыми білім арасындағы байланыс ерекше күшейе түсті. Бұл кезеңге бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ, кейінірек 30–50 жылдары Батыс Еуропа, ал 50–60 жылдары Жапония және т. б. Қиыр Шығыс елдері түсті. Ғылыми-техникалық прогресс техниканы жаңа қоғамның негізгі қозғаушы күші ретінде бекітіп, адамның болмысы мен дүниетанымын белгілі дәрежеде өзгерістерге (трансформацияға) ұшыратты. Өндірістік және технологиялық бәсекенің нәтижесінде бұрынғы саяси және мәдени шекаралар бұзылып, қоғамдар арасындағы кеңістіктегі кедергілерді жойып жібере алатын коммуникацияның жаңа құралдары – масс-медия пайда болды. Ал рухани мәдениет бұқаралық сананың индустриясына айналды.

Нарықтық қатынастарға тән функционалдық құндылықтар

1. Жетістік және табыс. Бұл – байлыққа жету жолындағы буржуазиялық қоғамға тән негізгі құндылықтар. Осы мақсатта көбіне аморальдық және тіпті, кейде қылмыстық тәсілдер де қолданыс табады.

2. Жеке меншікке ие болу. Нарықтық тұлғаның құндылықтар жүйесінде бұл ең негізгі орынды алады. Э. Фроммның кең танымал кітабының атауындағы келтірілген дилемма (Иемдену, не болу) (Фромм 1990) осы құндылыққа меңзейді.

3. Индивидуализм. Буржуазиялық санада еркіндік, мүмкіндіктер теңдігі, бәсекелестік, жеке табыс деген ұғымдармен тығыз байланыс-

ты болғанымен нақты өмірде адамға қатысты – антигумандылығымен, қоғамға қатысты – антиәлеуметтілігімен, мемлекет пен заңға қатысты – антидемократиялығымен сипатталады.

4. Құқық. Сот жүйесі арқылы қамтамасыз етілетін міндетті қалыптардың (нормалардың) қабылданған жүйесі. Бұл ең алдымен жеке меншікті қорғауға бағытталған.

5. Белсенділік және еңбек. Бұл – тауар мен капиталдың үнемі айналымда болу қажеттілігінен туындайтын құндылықтар. Бұл әлеуметтік және мәдени құрылымдардың барлық алуан түрлі элементтерін пәрменді қозғалысқа келтіреді.

6. Тұтынушылық. Бұрынғы рухани құндылықтардың орнын гедонизм, материалдық комфорт, кеңейтілген тұтынушылық алмастырады.

7. Универсализм. Яғни батыстық қоғам құндылықтарының өзге мәдениеттерге таралуы немесе американдық пен еуропалық мәдениеттің «қалғандарынан» үстемдігі.

8. Практицизм (прагматизм) және рационализм. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романындағы негізгі кейіпкер Базаровтың образына тән. Оның ойынша, ең бастысы – өмірдің шарттарын практикалық есептеу, сондықтан да «тиянақты химик кез-келген қияли ақыннан жиырма есе пайдалы».

Жоғарыда жалпылама келтірілген батыстық құндылықтар мен нарықтық қатынастар әлеуметтік және мәдени салада қарама-қайшылықтар қалыптастырады. Нарық пен капитал, мемлекет, бюрократтық режим, кейде, тіпті бүкіл қоғам адамның қалыпты жүріс-тұрысы мен ойлау тәртібіне мүлдем сай келмегендіктен оның табысқа жетуден үміті үзіліп, ішкі үйлесімділігі мен бағдарын жоғалтады. Философия мен әлеуметтік психологияда «жатсыну» (отчуждение) деген ұғыммен белгілі бұл көңіл күй кейде аномиямен (нормадан тыс, Э. Дюркгейм, Г. Мертон) де аста-сып жатады. Адамның «жалпы механизмге бағынған бұрандаға айналуы» экзистенциалдық фрустрация феномендерін, оның шектен шыққан формасы – суицидизмді өмірге әкеледі. Бұл жағдайлар белгілі жазушы Ф. Кафканың романдары мен әңгімелерінде («Үкім», «Түрме» т. б.) [Кафка 1991, 461 с.] реалистік тұрғыда сипатталса, француз ойшылы А. Камю шығармаларында философиялық тұрғыда пайымдалады. («Сизиф туралы аңыз») [Камю 1990, с. 109]. Қазіргі заманғы батыстық мәдениеттің әмбебап басты принципі түріндегі техницизмнің жаппай таралуы гуманитарлық бағдардағы интеллигенция өкілдерінің антитехницистік, антисциентистік қозғалыстарын тудырады.

Бұқаралық мәдениет классикалық мәдениеттің декаденттік дағдарысқа ұшырағаннан кейін, бұрынғы «мәдениеттің репрессиялық»

(З. Фрейд) сипатынан босанған соң 1914–1926 жылдары АҚШ-та қалыптасты. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «Ұлы депрессиядан Американы құтқарған Голливуд» деп айтылады. Мәдениеттің бұл типі мен варианты жалпы мәдениеттің қызмет ету функциясын түбегейлі өзгертті. Ол төмендегі қызметтерімен сипатталады: тұрақсыз, сенімсіз, ауыспалы және өзгермелі уақыт ағымында адамның әлеуметтілігі мен мекен ету аймағын (витальность) қамтамасыз ету, психологиялық кернеу мен қақтығыстық ахуалды бәсеңдету, бұқаралық ақпарат құралдарының рухани реттеушіліктегі универсалдығы, адамның талғамы мен өмір сүру стилін қамтамасыз ету, әлеуметтік топтарды жақындастыру және т. б.» [Разлогов 1990, с. 134].

Апологеттік концепцияларда бұқаралық мәдениет өмірлік деңгейдің өсуі мен қоғамдық өмірді демократияландыруға ықпал ететін негізгі фактор ретінде көрінгенімен, оны сыни тұрғыдан пайымдайтын теориялар да бар. Мысалы, Г. Маркузе өзінің «Бір өлшемді адам» деген еңбегінде оны қалың бұқараның жағдайы мен қоғамдық сананы бағындырушы құрал ретінде сынайды [Маркузе 1994, с. 64–66]. Э. Фромм өз еңбектерінде техника дамуының дегуманитарлық салдарын жазады [Фромм 1992, 337 с.]. Ал белгілі испан ойшылы Х. Ортега-и Гассет бұқаралық мәдениетті жоғары және элитарлық мәдениет тұрғысынан сынайды [Ортега-и-Гассет 1991, с. 56–58]. Мұнан өзге көптеген жалпы бұқаралық мәдениетке деген сыни көзқарастарда бұл құбылыс –«демонизм», «төменгі сапалы», «тұтынушы», «белден төменгі» т.б. мәдениет түрлерінде талқыланады.

Техногендік өркениет өзінің бітім-болмысында өзінің негіздерін үнемі өзгертуші қоғам ретінде анықталады. Мұнда адамның ең басты мақсаты табысты өзгертушілік әрекет болып саналады. Адамның практикалық әрекетінің ең қалаулы салаларына бизнес пен кәсіпкерлік жатқызылады.

Қазіргі әлемде адам өзінің адамгершілік позициясын көбіне жоғары іскерлікпен, қоғамдық құндылықтарға үлес қосатындай өз еңбегінің нәтижесінен көруге ұмтылады. Тіпті ол жеке тұрғыдан алғанда дәстүрлі этикаға сәйкес жағымды қылықтарға жатпайтын құндылықтарды өзіне бекіте алады, басқаша айтқанда, ол қызғаншақ, арсыз, зұлым адам болғанымен, өте жақсы маман болуы мүмкін. Жиырмамыншы ғасырда нарықтық құндылықтар алдыңғы орынға көтеріледі.

Кәсіпкерліктің «өсиеттері» негізіндегі құндылықтың бағдарларды әдетте прагматикалық құндылықтар деп атайды. Бұрынғы кеңес адамдарына тән бұқаралық санада моральдық тұрғыда теріс қабылданады. Дегенмен прагматизмде алдына мақсат қоя алатын және адамдармен өзара байланыса отырып, нақтылық пен жағдайларды өзгерте отырып,

мақсатын іске асыра алатын белсенді, іскер адамдарға қойылатын талаптар кездеседі.

Құндылықтар мен нарық арақатынасын қарастырғанда қазіргі заманғы ірі психоаналитик ойшыл Э. Фроммның персонификациялық типологиясын келтіру орынды. Ол адамдардың құндылықтық бағдарын екіге бөледі: жемісті және жемісті емес. Бұл жерде берілген ұғымдарды жеке-леген индивидтердің мінез-құлқын сипаттау емес, «идеалды типтер» деп түсіну қажет. Әдетте әрбір тұлғаның бойындағы мінез бұл бағдарлардың әрқайсының да жиынтығын білдіреді, бірақ оның біреуі басым болып келеді.

Батыстық классикалық теорияны ұстанушылардың пайымдауынша, этика әлеуметтік жүйені бірден-бір түзеп, қалыптастырушы сегмент. Оны анықтайтын қоғамдағы нарықтық байланыстар, заңдылықтар мен моральдік құндылықтар [Turner 2015, pp. 101–107].

Соңғы онжылдықтарда «тұлғалық нарық» деген құбылыс айқын байқалады, ондағы бағалаудың принциптері тауарлы нарықтағымен бірдей: сатудың алдыңғы қатарына тұлға, онан кейін тауар шығарылады. Табыс адамның өзін нарық саласында жақсыға сата білу қабілетіне бағынышты: оның сыртқы «қорабы» қаншалықты тартымды, қаншалықты ол мықты, сенімді, белсенді, оның отбасы жағдайы қалай, ол қандай клубқа тиесілі, тиімді адамдармен таныстығы бар ма. Адам өзінің өмірі мен бақыты туралы бас қатырмайды, тек өтімді тауарға айналуын ғана ойлайды. Сапалы тауарға ұқсас адам да тұлға базарындағы сәнге сәйкес болуы керек. Ол үшін әрине тұлғаның қай түрінің сұранысы жоғары екендігін білуі тиіс. Мұндай үлгілердің картинасын күнделікті жарнама, газет-журнал, кино, теледидар және радио беріп отырады.

Жемісті құндылықтық бағдар – бұл адамның өз бойындағы мүмкіншілігін іске асыру және өз күшін дұрыс бағытта пайдалану қабілеті болып табылады. Жемістілік адамның өзін жасампаз ретінде тануын білдіреді.

Қорытынды

Нарықтық бағдарды жемісті құндылықтық бағдардан ажыратудың салыстырмалы сипатта екендігін ескеру қажет. Нарықтық бағдарды сынау, әдетте, жоғарғы этика тұрғысынан жүргізіледі. Нарықтық бағдар қалыпты нәтижелер беруі үшін оған қатысушылар белгілі бір жүріс-тұрыс ережелерін ұстануы тиіс. Жүріс-тұрыстың тек жалпы қағидалары ғана нарықтық тәртіпке біртұтастық бере алады. Табысқа жетудің аралас тәртібі жағдайында жүріс-тұрыс тәртібін өздерінің бейімделу қабілетін

өсіретін жағына қарай өзгерте алған топтар ғана жетістікке жете алады. Бұл эволюцияның сипаты бірқалыпты болмайды, ол әртүрлі типтегі тәртіптердің арасындағы бәсекелестік өтетін салаларда өздерін үздіксіз «эксперименттеу», үнемі тәуекел ету мен қателесу процестерінің нәтижесінде қалыптасады. «Жүріс-тұрыс ережелерінің эволюциясы теп-тегіс өтпейді, өйткені оларды сақтайтын күштер ненің дұрыс немесе әділетті екендігі туралы қалыптасқан көзқарастармен қайшылыққа келген өзгерістерге жағдай жасамай, әдетте, керісінше қарсы тұрады» [Фромм 1990, 330 с.]. Егер өркениет моральды бірте-бірте саналы түрде өзгертудің нәтижесінде қалыптасса, ал негізгі моральдық құндылықтардың қирауы нарықты сыбайлас жемқорлық пен қылмыс жайлаған ортаға әкелмей ме деген сұрақ туындайды. ТМД елдеріндегі нарық қалыптасуының нақты практикасы осыны дәлелдейтіндей.

Сонымен, нарықтық бағдар қандай моральға қайшы келеді? Нарықтық бағдардың құндылықтары қандай моральды ұстанады? Бұл сұрақтарға бір түйінмен қорытып жауап беру мүмкін емес. Жалпы алғанда, жеке мүдделердің өзара қарым-қатынасын реттейтін қатынастарға әділеттілік (жеке үлесіне қарай), теңдік (құқықтық), тұлға автономиясы, адам абыройы принциптері сақталынған әлеуметтік бірлестік моралы сәйкес келеді.

Библиография

- Аристотель, 1984. 'Аристотель'. Соч. Т. 4. М., 550 с.
- Аристотель, 2002. 'Никомахова этика'. Мн.: Интерпрессервис; Книжный Дом, 1376 с.
- Бентам, 1951. 'Бентам И.' Избр. Соч. Т. 1. 521 с.
- Вебер, 1990. 'Протестантская этика и дух капитализма, Избр. пр-я.' М., С. 156.
- Гегель, 1975. 'Дух христианства и его судьба' *Философия религии*. Т. 1. М., с. 116.
- Кафка, 1991. 'Приговор: Роман. Новеллы', Новосибирск: Кн. изд-во, 461 с.
- Камю, 1990. 'Миф о Сизифе', *Сумерки богов*. М., Политиздат, с. 109.
- Маркузе, 1994. 'Одномерный человек', *Американская социологическая мысль*. М., Изд-во МГУ, сс. 64–66.
- Милль, 1966. 'Утилитаризм. О свободе'. М., 167 с.
- Ортега-и-Гассет, 1991. 'Эстетика. Философия культуры'. М., сс. 56–58.
- Pinkus, Rosa Lynn; Fortunato, Angela, 2015. 'The role of professional knowledge in case-based reasoning in practical ethics'. *Science and engineering ethics*, Volume 21, Issue:3, pp. 767–87.
- Turner, 2015. 'What It Means to Be Human Past, Present and Future', *Sociological Quarterly*, Volume 56, Issue 1, pp. 101–107.

Разлогов, 1990. 'Феномен массовой культуры' *Культура, традиция, образование*. Вып.1. М., АН СССР. НИИ культуры, с. 134.

Чернышевский, 1951. 'Чернышевский Н.Г.'. Избр. соч. Т. 3. М., с. 348.

Фромм, 1988. 'Ситуация человека – ключ к гуманистическому психоанализу', *Проблемы человека в западной философии*. М., с. 443.

Фромм, 1990. 'Иметь или быть?'. Прогресс, 330 с.

Фромм, 1992. 'Человек для себя'. М., 337 с.

References

Aristotel', 1984. 'Aristotel'[Aristotle Essay]. Soch. T. 4. M., 550 s.

Aristotel', 1997. 'Nikomakhova etika' [Nicomachean Ethics], Mn., Interpressservis; Knizhnyy Dom , 1376 s.

Bentam, 1951. 'Bentam I.' [Bentham Selected Writings]. Izbr. Soch. T. 1. 521 s.

Veber, 1990. 'Protestantskaya etika i dukh kapitalizma' [The Protestant Ethic and the Spirit of Capitalism], Izbr. pr-ya. M., s. 156.

Gegel', 1975. 'Dukh khristianstva i yego sud'ba' [Spirit of Christianity and its Fate] *Filosofiya religii*. T. 1. M., s. 116.

Kafka, 1991. 'Prigovor: Roman. Novelly' [Verdict: A Novel. Novels], Novosibirsk, Kn.izd-vo, 461 s.

Kamyu, 1990. 'A. Mif o Sizife' [The Myth of Sisyphus], *Sumerki bogov*. M., Politizdat, s. 109.

Markuze, 1994. 'Odnomernyy chelovek' [Dimensional Man], *Amerikanskaya sotsiologicheskaya mysl'*. M., Izd-vo MGU, ss. 64–66.

Mill', 1966. 'Utilitarizm. O svobode' [Utilitarianism. On Freedom]. M., 167 s.

Ortega-i-Gasset, 1991. 'Estetika. Filosofiya kul'tury' [Aesthetics. Philosophy of Culture]. M., ss. 56–58.

Pinkus, Rosa Lynn; Fortunato, Angela, 2015. 'The role of professional knowledge in case-based reasoning in practical ethics'. *Science and engineering ethics*, Volume 21, Issue 3, pp. 767–87.

Turner, 2015. 'What It Means to Be Human Past, Present and Future', *Sociological Quarterly*, Volume 56, Issue 1, pp. 101–107.

Razlogov, 1990. 'Fenomen massovoy kul'tury' *Kul'tura, traditsiya, obrazovaniye*. Vyp.1. M., АН СССР. НИИ культуры, с. 134.

Chernyshevskiy, 1951. 'Chernyshevskiy N.G.'. [Chernyshevsky Selected Writings]. Izbr. Soch. T. 3. M., s. 348.

Fromm, 1988. 'Situatsiya cheloveka – klyuch k gumanisticheskomu psikhooanalizu' [The Situation of Man – the Key to Humanistic Psychoanalysis], *Problemy cheloveka v zapadnoy filosofii*. M., s. 443.

Fromm, 1990. 'Imet' ili byt'?' [To Have or to be?]. Progress, 330 s.

Fromm, 1992. 'Chelovek dlya sebya' [A Man for Himself]. M., 337 s.

ХРИСТИАНДЫҚ ДІН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ ПАЙЫМДАУЛАР

Аннотация. Антикалық дәуірдің руханиятынан сусындаған, оның ұмыт бола бастаған ойлау дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге тырысқан, бірақ оның дінін емес, діни таным нұсқасын өзіне жаңартып көшіре алған, техникалық және жаратылыстану ғылымдары өркендеп келе жатқандықтан, оған схоластика айтарлықтай кедергі болғандықтан, теоцентрлік ойлау парадигмасынан қашқақтап, жаңа бір өзіндік ойлау мәдениетінің арнасына ұмтылған қайта өрлеу дәуірінде біз қарастырып отырған тақырып жаңаша сипат ала бастады. Атап айтқанда, антропоцентризм – дінді жаңаша тұрғыдан қояды, адам өміріндегі, тіршілігі мен тұрмыс салтындағы дінге бас ұрудың күнделікті көлемі мен мазмұнының өзгеруін талап етсе, гуманизм – адам еркіндігі мен бақытын тек қана діннен емес, өзінің еркі мен сыртқы ортадан табуды ниеттесе, пантеизм – құдайдың жеке жақтылығын түсіріп, бұрынғы «Құдай-Адам» қатынасына негізделген дүниетанымды «Құдай-Әлем-Адам» түзіліміне қарай жетелеуге алып келді.

Түйін сөздер: дін, философия, адам, христиан, діни философия.

Kipicne

Әлемнің жаңаша ғылыми картинасын құру – діни мәтіндер бойынша ғана дүниені танумен қатар, ғылыми танымды да кірістіруді, сөйтіп, адам мәселесіне қайта оралуды басшылыққа алса, утопиялық социализм – әділетті қоғамда діннің қандай ролі болуы керектігі, діннің реттеушілік қызметіне баса көңіл аударып, ол адамдар арасындағы қатынастарды қалай реттеп отыру керектігі туралы, қиялшыл болса да, жаңа бір нұсқаларды ұсынған еді. Ал реформация діндегі адамның орны мен сенімнің өзіндік бір жаңаша үлгісін паш етіп, кейіннен, әлемге әйгіленген протестантизм бағытының тууына жағдай жасаған еді.

Кузанский Николай ең соңғы схоласт, әрі орта ғасырдан қайта өрлеу дәуіріне өтпелі кезеңдегі алғашқы философтардың бірі, құдайтанушы ретінде идеяларын пантеистік көзқарастың ерекше бір нұсқасы математикалық тәсілмен дәйектеуге қарай бетбұрыс жасады: құдайды өзекті аяқталмаған шексіздік ретінде таныды, «абсолютті максимум» түрінде көрсетті. Бірақ ол өзінің діни дүниетанымында адам мәселесіне барынша

көбірек көңіл аударған ойшылдардың бірі болатын. Әйтсе де, оның діни антропологиялық идеялары кей жағдайда, өзіне дейінгі ойтолғамдарды толықтырумен келіп сабақтасып жатты. Мысалы, көне Грекиядағы Демокриттен бастау алып, стоиктермен жалғасын тапқан әлем – ұлығарыш, ал адам сол әлемнің шағын қайталанған үлгісі – ықшамғарыш деген идеяға қайта оралды. Орта ғасырдағы Ф. Аквинскийдің пікірмен тұспалдас болатындай, адам періштеден басқа барлық тіршілік иелерінен жоғары табиғаттың орталық буыны деген қорытынды жасады.

Ал адамның құдайға қатынасы, оны танып білуі жөніндегі пікірлері де «математикалық үлгідегі пантеизм» деп атауға болатындай ұстаныммен сабақтасып жатты. Адамның жоғары теориялық қабілеті болып табылатын ақыл шексіздікті де ойлауға қабілетті және тек қарама-қарсылықтарды ғана емес, бірліктерді, үйлесімділіктерді, сәйкестіктерді де көреді деген тұжырым бойынша «қайшылықтар үндестігі» деген идеясын ұсынды. Ақыл өзінің қол жеткізген сол сәттегі нәтижелерін соңғы ақиқат деп танымау керек, себебі, ақылдың өзі ешқашан аяқталмайтын абсолютке жақындап келе жатқан ерекше үрдіс деп түсіндіреді.

Бұл бір қырынан танымның шексіздігін максимум арқылы дәлелдеу болатын болса, екінші бір қырынан сол максимум мен адам арасындағы қатынасты ашып берді, ал үшінші бір қырынан өзінің ойын өзі дәйектеу үшін, максимумның абсолюттілігін жариялады. Себебі, Н. Кузанский көзқарасындағы құдай – барлық жердегі және еш жердегі Абсолютті Максимум болып табылады, бұл пантеизм ғарыштың құрылымын басқаша түсінуге мүмкіндік ашты: «Максимум дегеніміз – одан ештеңе де үлкен болмау қажет әлдене. Абсолютті максимум жоғары шек, әрі – бәрі және онда бәрі бар болғандықтан, ол – жалғыз. Оған ештеңе де қарсы тұра алмайды, тек минимум ғана сәйкес келеді. Оның шегі жоқ, бірақ бәрін шектей алады. Одан әмбебап бірлік шығады, әлем абсолютпен бірігеді. Абсолютті болмыс абсолютті максимумнан басқа ештеңе де емес, яғни, максимумсыз ештеңе де өмір сүретіндігін елестетудің өзі қиын».

Н. Кузанскийдің діни философиясындағы тағы бір ерекше қыры – Құдайтаным болатын: «Егер де құдай, болмыс бірліктен туындайтын болса, ақыл арқылы заттардан ажыраған абстракция болып табылмаса, сонымен қатар, заттармен байланысты болмаса, ол қалайша заттардың көптігі арқылы көріне алады? Бұны ешкім де түсінбейді. Егер де заттарды оларсыз қарастырмайтын болсақ, олар – ештеңе, бірліксіз сандар сияқты. Егер де құдайды заттарсыз қарастыратын болсақ, ол өмір сүреді, ал заттар өмір сүрмейді. Құдайды жаратудан ажыратыңдар, сонда бейболмыс, ештеңе қалады, күрделіден субстанцияны алып тастасандар, онда ешқандай да акциденция өмір сүрмейді» [Тажуризина 1979, сс. 45–46].

Әрі қарай ойшыл «шағын әлем» мен «шеткі әлемнің», яғни, құдайлықтың үндестігін паш етеді: «Адам дегеніміз Құдай, тек абсолютті емес; ол – адамдық Құдай.» [Кузанский 2001, с. 89].

Демек, Николай Кузанскийдің діни философиясы «математикалық өрістегі пантеизм» деп атауға болатындай арнада өрбіп, оған адам болмысын қатыстыру арқылы еркін-оймен сабақтасып, дін философиясына келіп жуықтайды. Ол адам ықшамғарыш, періштеден төменгі ғана жан иесі деген сияқты дәстүрлі түсініктермен қатар, өзінің құдайтаным ілімінде, адамды және оның ақылын айтарлықтай жоғары дәрежеге көтеріп кетті. Шексіздікті де ойлай алған адам ақылы, құдайды да тануға қабілетті болып жаратылған, тіпті жартылай немесе түйсікпен емес, толықтай ақылмен тани алатындығы туралы батыл пайымдау жасады. Дегенмен, оны танудың да өзіндік күрделелігін назардан тыс қалдырмады. Адам болмысы бойынша да, ғарыштың бөлшектері мен элементтерін жинақтайтын болса, ол бір қырынан сол ғарыштың өзі болып табылады. Олай болса, Адам пантеистік ұстанымы бойынша сол Құдайдың өзіне келіп сәйкестенеді, бірақ одан тек қана абсолютті еместігі арқылы ғана ажырайды. Себебі, құдайдың өзі ойшылдың түсінігі бойынша әлемді жаратқанда, геометрияны, музыканы т.б. ілімдерді пайдаланған. Сондықтан да, Н. Кузанский ілімінің айтарлықтай біреркешелігі – Құдай болмысы мен адам болмысының алшақтығын жақындату идеясы. Құдайдың құдыреттілігі болып саналатын: абстрактілігі, танылмайтындығы, әлемдегі ешбір нәрсеге ұқсамайтындығы т. б. қасиеттерін ұғынып алғандай болған ойшыл, өзінің пантеизмі арқылы ол сапалардан Максимумды ажыратып, адамды көтермелеуге тырысты. Тек қана періштеден төмен, қалғанының бәрінен жоғары тұрған адам, оның ақылы тіпті шексіздікті де тануға қабілетті. Олай болса, оның максимумы адамнан да тым алыс жатқан жоқ, адам да сондай, бірақ ол абсолюттілікке тағайындалмаған. Себебі, біздіңше, Кузанскийдің ойы бұл арнада былайша өрбіген сыңайлы: Максимумның (Құдайдың) схоластикалық дәуірдегі асқақтығы оның беделін аса көтермелей алмайды, керісінше, адамды жоғары көтермелеу, оны құдайға жақындатқан жағдайда, ол өзінің шынайы кейпіне ене алады. Әйтсе де, Н. Кузанскийдің бұндай діни философиясындағы адам болмысы мәселесі барынша күрделі және төлтума сипатта құрылған деп айта аламыз.

Сонымен қатар, Н. Кузанскийдің жалпы ортақ бір дін болғандығы, кейіннен адамдар оны түсінбей жеке діндерге ажыратқандығы т. б. идеясы да қазіргі заман үшін дін аралық келісім мен діни төзімділіктің бастапқы идеялық нұсқалары болып табылатындығы да рас [Айталы 2003, бб. 77–78].

Жалған эпикурейзммен, схоластикалық логикамен және диалектикамен күрескен итальяндық гуманист, тарихшы, филолог, философ Лорен-

цо Валланың діни философиясындағы адам мәселесін біз «сюрреалды этика» деп атауымызға болады. Мысалы, оның түсінігі бойынша, ләззат алу – жан мен тәннің жайбарақаттануына негізделген, бүкіл адамзат ұмтылатын құндылық, адамның сезім мүшелері бар жерде, ол рахаттанусыз өмір сүре алмас еді, ол қайырымдылықсыз өмір сүре береді дей келе, қайырымдылықтың өзі пайда мен рахаттанудан туады деп тұжырымдады да, оған мынадай мысалдар келтірді: шәкірт пен ұстазы арасындағы қатынас пайдаға негізделген; егер ұстазы шәкіртінен болашақты күтпесе, оған сенбесе, ол шәкіртіне ұнайтындай қарым-қатынас жасай алмайды, сондықтан, ол өзінің даңқы мен пайдасын ғана көздейді деп пайымдай келе, ешкім де құдайлардан өзіне ізгіліктілік сұрамайды, байлық, денсаулық, ұзақ өмір сұрап жалбарынады деп атап көрсетеді.

Бұл идеяның өзіндік ерекшелігі діннен адамға қарай емес, адамнан дінге қарай жүретін ой ағымы болуында, нақтырақ айтқанда, мораль туралы көзқарастарында адамның құдайға деген қатынасын мысалға алады.

«Флоренциялық платоншылдық» деген атауға ие болған академияның өкілдері М. Фичино мен П. Делла Мирандола діни ақиқат әлі түпкілікті тұрақтанбаған, сондықтан да христиан діні оны түпкілікті тану жолындағы басқа діндер сияқты өтпелі баспалдақтардың бірі ғана деген дін философиясы бағытындағы ұстанымда болды.

Болмыстың иерархиясы іліміне сәйкес Марсилио Фичино Құдай жоғарғы шексіз тіршілік иесі, оның әрекетінен бірте-бірте жарату үрдісі арқылы заттар әлемі туады дей келе, әлемнің жоғары-төмендік негізге құрылған сатылы жүйесін былайша көрсетті: ең төменгі бөлігінде белсенді емес материя, одан кейін парасатты-руханиятты жан, одан жоғары періштелер мен құдай орналасады. Құдай мен періште жоғарғы ұғымдар. Олар бөлінбейтін, өлмейтін, материалдық емес, шексіз. Сапа мен материя – төменгі ұғымдар, материалдық әлеммен байланысты, сондықтан бөлінетін, уақытша, өлімді, кеңістікте шектеулі болып келеді. Болмыстың жоғарғы және төменгі сатыларын байланыстыратын бірден-бір және басты аралық буын жан болып табылатындығын ұсынған ойшыл антропологиялық мәселелерге қарай ойысқан болатын.

Марсилио Фичино адамның жаны құдайлық пен материалдықтың аралығында деген идеяларын ұсына отырып, жан барлық бүтін болмыстың сатылары. ол әлемді тануға қабілетті болып келеді, себебі, жан түптің түбінде кейіннен құдайға оралады [Шестаков 1981, сс. 55–56].

Осы бағыттың көрнекті өкілдерінің бірі – Пика делла Мирандола да дәстүрлі «Адам – ықшамғарыш (микрокосмос)» деген тұжырымды қуаттай отыра, адам өзіне бір қырынан алғанда, жерлік төмендікті, хайуандықты және Көктік бастауды тұтастандыра алады, алғашқысы ауа, су,

жер сияқты элементтерден құралса, хайуандық – биологиялық дене мен адамның азықтануынан тұрады. Адам бір қырынан алғанда жануарға да ұқсай алады, сонымен қатар неғұрлым жетілген, асқақ та бола алады, осы екі шеткі аралық адамның өзіне байланысты. Ендеше, адам шексіз жетілу қабілетіне ие болғандықтан, оған ұмтылуы да қажеттілік болып шығады деген игілікті жетілу этикасын ұсынған болатын.

Әрине, шындығында олардың әлемдегі, болмыстағы адамның орнын тағайындап, белгілеп берулері бүгінгі күн тұрғысынан да логикалы және қазіргі діни философиялық пікірлер де көп жағдайда осы түйінді қабылдайды. Олардың адам болмысы туралы толғаныстарының ерекшелігі, адамды төмендетпей немесе тым асақтатпай дәл шынайы орнына тағайындағысы келгендігі, адам болмысының барынша абсолютті еркіндігін ұсына білгендігі, адам мен әлем үйлесімділігін негіздейтін микрокосм идеясын одан әрі жетілдіріп, ауа, су, жер, от сияқты элементтерді қатыстырғандығы, адамның химиялық, биологиялық, рухани болмысын ашып бергендей идеялар туғызуы, адамды шексіз жетілуге қабілетті, құдаймен де тоғысуға ұмтыла алатын қабілеттерін ашып беруі ғана емес, оған тұлға сөзсіз ұмтылуы қажет екендігін көрсетіп те беруінде болып отыр. Бұл бір қырынан алғанда, адам өмірінің жалпы бағдарын айқындап беретін адам танымдық қана емес, өмір танымдық бағдар деуге де болады немесе өмір сүрудің жалпы әдіснамасына ұқсата аламыз. Бұнда да, адам мен жаратушының қатынасы барысында адам мәртебесі едәуір дәрежеге көтеріле түседі.

Бұл біріншіден, орта ғасырдағы схоластикалық ойдың заманға сай келмейтін өміршең еместігін әйгілеп берген және сол дәуір тұрғысынан қайтадан адамға діни тұрғыдан бет бұру қажеттігін түйсінген теориялық сана-сезімнің мысалы болды, екіншіден, өз кезегінде кейінгі XX ғасырдағы неотомизмнің, діни персонализмнің, перфекционизмнің тууына шарттар жасайтын, діни философиядан дін философиясына қарай бағдарланған ойлау жүйесі ретінде тарихи-танымдық маңызға ие болды деп айта аламыз. Мысалы, христиандық түпкілікті ақиқат емес, тек соған ұмтылып бара жатқан сатылардың бірі ғана деп көрсетілген пікірлерге жету жолын біз былайша логикалық тұрғыдан түйіндей аламыз. Жалпы көне гректік мифологиялық дәуірден бастап, иудаизм, зороастризм т. б. діндердің пайда болып өркендеуі, бірақ одан кейін де жаңа діндердің пайда болуы сабақтастығында христиан дінінің қалыптасуы және оның ең соңғысы емес, басқа да кейінгі әлемдік діндер туындауы ықтималдығы, бұл ойшылдардың өмір сүрген тұсында шығыстағы ислам дінінің қанат жайып, өрісін кеңейте түсуі олардың осындай дін философиясы арнасындағы тұжырым жасауына алып келген сыңайлы.

Қайта өрлеу дәуіріндегі діни руханият арнасына айтарлықтай өзгерістер алып келіп, бүгінгі күнге дейін жаңа бір діни бағыттың қалыптасуына жағдай туғызған бағыттардың бірі – протестантизм мен кальвинизм болды.

Немістің ойшылы, теолог Мартин Лютер бұған дейінгі мистикалық құдайтанымға қарсы шықты, христиандағы фантазиялар мен қиялдарды жокқа шығарып, діннің жаңа бір арнасын туғызуға мүмкіндік алды, платоншылдық пен христиандықтың ара жігін ажыратып алуға бет бұрған ол діндегі тұлға мәселесін басты орынға шығара отырып, шынайы сенім сенушінің өзінің көзі жеткендігімен бағаланатындығын ұсынып, құдайға жеке әмірші мен әкесі ретінде қарады. Ол өз еңбектерінде уағыздарды жаңартпағандығын, апостолдардың нық және ескі ілімдерін қайта жаңғыртқандығын, шоқынудың жаңа түрін ойлап шығармағандығын, тіпті христиандыққа жаңа ешнәрсе де қосқысы келіп тұрмағандығын, тек қана Христос пен апостолдар бізге қалдырып кеткен өсиеттерді туралы пікірталастар ғана жүргізіп отырғандығын атап өтеді. Сондай-ақ Папаның жасырған нәрселерін аршып, алып, оны жарқыратып көрсетіп, тазалап, құтқарылуға қажетті мен Христос қалдырып кеткен шынайы – Евангелиенің, Шоқынудың, Құлшылық етудің, Құпиялылықтың не екендігін көре білгендігін атап өтеді. Құдай адамдарды өзінің әділеттілігімен өлім жазасына да бұйыруы мүмкін, ол күнәлілерді құтқару жолын таңдайды деген пікірде болды. Лютердің ілімі бойынша, махаббат адамдарды Құдаймен тікелей байланыстырады. Оның түсінігі бойынша ешқандай да міндеттелген немесе құлықты істер құтқарылуға кепілдік бола алмайды.

Басында ізгілікті деп ойластырылған адам әрекеті күнәнің нағыз мәні немесе оның негізі, ол – әлемнің орталығын Құдай емес, өзі жасағысы келген іс. Кез-келген игілікті іс құтқару үшін жоғары деңгейде бейімделгендік те бола алмайды деп, таза діни рақымдылықтың құлықтық-теологиялық негіздерін құрастырды: құлықтылық әрекеттері діни қобалжудың салдары болатындығы өзінен-өзі түсінікті жайт. М. Лютердің түсінігі бойынша, ізгілікті әрекеттер жасау керек пе екендігін сұрап та қажеті жоқ, олар ешқандай да талаптарсыз орындалуы тиіс. Ол Иисус Христостың тұлғалығының іске асырылуының ашылуының мағынасын қарастырды да, католиктік архетектоникадан, жоғары шіркеулік иерархиялардан, олардың догматтары мен теологияларынан бас тартты. Ол католиктік ілімнің басқа да шарттарына қарсы шығып, ғарыштан келген қандай да болсын жазадан шіркеудің аман алып қала алмайтындығы; Римдік бірінші әулиенің өзі тазаруда билік жүргізе алмайтындығы; индугенция институтының өзі күнәлі және құдайға қарсы; ешқандай күнә

крест құтқарушымен өлшенбейді; Шіркеуді көрінетін патшалық ету бұл адасу; шынайы сенім – Христос жүрегіне сену, бұл сенім тек қана құдайға жетелейді; бірақ сенім тылсым бейсаналықтағы экстатикалық рахаттану болмауы тиіс; ол діни сублимацияға алып келетін табиғи жан дүниелік өмірді бастау емес, Құдай тынышталмайды, үнемі әрекет етеді т. б. тезистерін жариялаған болатын. Лютер бастапқы библиялық даналықты қайта қалпына келтіре отырып, азаматтық құқық пен бостандықты құрметтеді [Рубан 1996, сс. 17–18].

М. Лютердің көзқарастары қорыта айтқанда, шынайы сенімнен гөрі шіркеуге қарай бет бұрып бара жатқан христиан дінінің негізгі бағдарын ашып беріп, ол шіркеу беделіне айтарлықтай сенімсіздікпен қарады, адам болмысын, оның дінге деген сенімінің шынайы табиғатын ашып беруге ұмтылды. Тым көтеріліп келе жатқан Папаның беделі, тіптен, жеке үкімдер шығарып, адамдарды даттау немесе мадақтау құқығын өзі иеленіп алғандығын, сөйтіп Құдайлық деңгейдегі өлшемдерге, адамдарды күнәһар немесе таңдаулы деп ажырату билігін де өзі алып отырғандығын түсіне білген М. Лютер христиан дінін шынайы дінге айналдырғысы келіп, католиктікке өзінің қарсылығын жариялады. Бұл ол заманда айтарлықтай батылдықты қажет ететін діни ілім болатын.

Діни Реформация кейіннен швейцарлық құдайтанушы Жан Кальвиннің идеяларымен жалғасын тапты. Адамның ақыл-ойының құдайды тануға қарай бағытталғандығын негіздеген ойшылдың түсінігі бойынша, әрбір адам Құдай туралы білімдерді туа бітті иеленеді. Бұндай таным, адамның өзін қалай танитындығына байланысты болып келеді. Себебі, өзі туралы білім Құдай туралы білімді қамтиды және Құдай туралы біліммен толығады. Өзінің Құдайсыз табиғи жағдайында ол өзі туралы жақсы біле алмайды, сондықтан жетілген бола алмайды. Адам өзінің толықпағандығын түйсінген жағдайда, оның бірінші реакциясы Құдайға қарай бет бұруы болуы тиіс. Құдай жөніндегі білім мазмұнды және салдар туғызады деген пікірлерін тиянақтаған Ж. Кальвин дін – адамның өзінің Құдай туралы түсінігіне берілген жауап деген тұжырымға келді. Құдай өзін әрбір адамның табиғаты мен көре алуында орнықтырды. Бірақ оның ақылы күнәмен зақымданған, нәтижесінде табиғатта да, өзінің айналасында өтіп жатқан дүниеден де құдайдың көрінуін көре алмайды. Адам мен Құдай арасындағы өзара қатынас Жоғарғы күштердің Ашылулары арқылы жүзеге асуы ықтимал.

Бұл табиғаттағы Құдайдың жалпы Ашылуын адамның қабылдауға қабілетсіздігінен туындайды. Жазбалардың айғағы жалпы Ашылуды жоймайды, керісінше, оны әсерлі ете түседі. Ерекше Ашылу құдайды танудың объективті бөлігін қамтыса, субъективті бөлігі Қасиетті Рухпен

қамтамасыз етіледі. Таңдаулыларға Құдай ерекше әсер етеді – оларда әлдеқандай жоғарғы күш ретінде болатын қарапайым Құдай туралы түсініктен өзгеше бір құтқарушы сенім пайда болады. Құдай өз әсерін Жазбалар арқылы ғана жүргізеді. Қасиетті Рух адам жаны «білімденетіндей» және жазбалардағы Құдайлық кітапты көре білу қабілетіне жеткізетіндей әрекет етеді. Жазбалардың құдайлық екендігін түйсінудегі басты роль Қасиетті Рухқа тән. Құдайды Жазбаларсыз, Қасиетті Рухсыз тану мүмкін емес, әйтпесе, Қасиетті Рухтың әрекет ету мақсаты адамды жазбалардың ақиқаттығына көз жеткізуі. Рухтың ықпалымен адам табиғаттағы Құдайдың жалпы Ашылуын түсінеді. Құдайды тану ілімі мен оған Қасиетті рухтың қатынасуы алдын-ала тағайындалу идеясының дамуына негіз болады. Құдай өзінің мәңгілік алдындағы жоспарында бір күні кімді құтқаратындығын, кімнен теріс айналатындығын анықтады [Кальвин].

Егер таңдаулылар болатын болса, таңдаулы еместер де бар. Құдай біреулерді рақымшылдықпен, ал біреулерді ашумен өзінің қолжеткізілмейтіндігі, құпиялылығының негізінде қабылдайды, бірақ әділетті еркі арқылы. Таңдаулылықтың екі белгісі бар. Біріншісі жаңа өмірге шақыру, екіншісі құтқару нәтижесіне алып келетін – ақталу. Таңдаулыларды құдай шақырады және ақтап алады, терістегендерін өзінің сөзін тану мен Қасиетті рухтың жарығынан айырады, бірақ сонда да қасиетті және әділетті болып қала береді. Бірақ Ж. Кальвиннің ілімінде алдын-ала тағайындалу доктринасы оның құдайтанымдық ілімінде таған емес; ол алдымен қолданбалы сипат алады және құдайға бетбұрмаған адамдардың өмір сүретіндігі айғағын түсіндіру мақсатында енгізілген. Кальвиннің пікірінше, шіркеу – шоқыну мен табынудың құпиялылығы жүзеге асатын және Евангелия жүзеге асатын адамдардың кез-келген қоғамдастығы. Кальвин мемлекет емес, шіркеу өз мүшелерінің моральдік келбеті туралы жауапкершілікті иеленуі тиіс, шынайы Евангелияны уағыздау оның моральдік қағидалары арқылы жүзеге асуы керек. Сондықтан ол шіркеулік тәртіпке ерекше көңіл аударды. Бұл біріншіден, еркін мемлекеттегі еркін шіркеудің қалыптасуына және шіркеудің мемлекеттен бөліну үдерісінің басталуына жағдай жасады, екіншіден, білімнің ерекше бірсаласы ретінде христиандық этиканың қалыптасуына ықпалдасты. Ж. Кальвин Жазбалардың беделі шіркеудің беделі арқылы ғана емес, керісінше, шіркеудің беделі Жазбаларға сүйенетіндігін атап өтті. Сондықтан ол тек қана жазбаларға сүйеніп, оны басқа да нәрселермен бүркемелеу қажетігін ұсынды. Ол протестантизм арнасында өзінің жеке құдайтанымдық ілімін негіздеді, реформаторлық шіркеудің негізін қалаушы болып, өзінің кальвинистік жүйесін тиянақтады.

Адам болмысын құдай еркімен байланыстыра қарастырған Ж. Кальвин М. Лютер сияқты шіркеуге ашық қарсы шыққан жоқ, керісінше, шіркеуге жүктелген жауапкершіліктер бар екендігін ұсынып, бастапқы секуляризациялық көзқарастардың негізін салды. Ол Құдай, Адам, Мемлекет арақатынасы туралы мәселелерді талқылай келе, құдайтаным идеясында адамның еркіндігі мәселесіне көбірек назар аударды. Дегенмен, өзінің идеяларын нақты логикалық тұжырымдармен дәйектеген ойшылдың көзқарастары адамның дінге сенімінің деңгейлерін баса көңіл аударумен жалғасын тапты. Бірақ таңдаулы еместерге айтарлықтай сезімдік тұрғыдан жағымсыз көзқарас орнатпаған Ж. Кальвин оларға барынша парасатты пайымдаулар тұрғысынан баға береді.

Кальвинизм мен протестантизм біздіңше, бастапқыда еретиктік сияқты болып көрінгенмен, кейіннен христиан дінінің басты тармақтарының біріне айналды. Себебі, онда адамның, мемлекеттің, шіркеудің еркіндіктері өз алдына барынша тәуелсіз қарастырылды. Бейнелі түрде айтқанда, үш тұтастықты ажыратып берді. Сонымен қатар, олар секуляризацияланған зайырлық діни үлгінің бастапқы негіздерін қалады деп те айта аламыз. Бұл жеке адамның дінге қатынасының өзіндік бір жаңаша үлгісін жасап берді. Демек, құдайды тану, түптеп келгенде, адамның құдайға қатынасын ашып береді, ал бұл қатынас адамның сезімдік-сенімдік болмысының мәнін көрсетеді. Бұл мән сайып келгенде, адам өмірінің мағынасының белестерін анықтап береді. Яғни, бұлар христиан дініндегі сенім шынайылығына беттеп бара жатқан руханияттық эволюцияда өзіндік бір секіріс жасады деп тұжырымдауымызға болады.

Дж. Бруноның пантеизмі дінді басқаша бір қырынан түсіндіруге алып келгенмен, ол өз идеяларын антикалық дәуірдегі «әлемдік жан» туралы идеядан өрбіте отырып, панпсихизм мен гилозоизм бағытын қолдаған еді. Бұл діннен адамға қарай емес, адамнан дінге қарай бағытталған ой ағымы еді. Бір қарағанда, адамдағы қасиеттерді интеллектуальдік пен ақылды табиғаттың басқа да мүшелеріне апарып тану және сол табиғаттың өзін, яғни «Заттардағы құдайды» тану, түптеп келгенде, адамды, құдайды, табиғатты тұтастандыра отырып, өзіндік бір түзілім жасауға алып келді. Ол орта ғасырдағы схоластика мен догмалардан бас тартқанмен, әлемнің иерерхиялық құрылымын емес, өмір сүретіндердің бірлігі мен өзара теңдігін паш етуге бағытталған философиясын туындатты. Сәйкесінше, адам басқа да психикасы бар тіршілік иелерінен жоғарырақ тұрған жоқ, себебі, әлемнің өзі тұтастай құдайлық деп түсіндірілді [Дынник 1934, сс. 170–171].

Сондықтан да Дж. Бруноның пантеизміндегі адам тіпті әлемнің орталығы мен билеушісі болмақ түгілі, Жер мен Күннің өзі орталық

бола алмады. Антропоцентризмді терістеген ойшыл, адамның болмысын жоғары күштерден емес, жалпыға ортақ бір әмбебаптанған ақыл мен жаннан іздеді. Себебі, бәріне ортақтанған әлемдік жан адамды, да басқа да тіршілік иелерін бөліп қарастырмайтындығы түсінікті болды. Сондықтан да, панпсихизм идеясы қуатталды. Ол сонымен қатар, сенім дәрежі халықтар үшін, олар басқарылатындай болуы үшін қажеттігі туралы дін философиясына келіп саятын пікірлерін де білдірді. Олай болса, Дж. Бруноның пантеизмі де діни бағыттан дін философиясына қарай бұрылып бара жатқан немесе бағдар алған жүйелердің бірі болды деп айта аламыз.

Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық социалистер, әсіресе, Т. Кампанелланың идеяларында, белгілі бір қаладағы идеалды мемлекет құру идеясына сәйкес, онда да діннің жаңашаланған келбеті талап етілетіндігі түсінікті жайт. Бірақ, ол дінге түпкілікті түрде өзгерістер енгізбесе де, діннің ол қалада қандай роль атқаратындығы және қалай құрылуы тиіс екендігі туралы өзіндік пайымдауларын жасаған болатын.

Болмыстың алғашқы бастаулары, неоплатонизм рухы бойынша, Даналық, Қуат, Махаббат деп пайымдаған Т. Кампанелла «Күн қаласы» еңбегінде христиандық-коммунистік утопия түрінде философ-әулиелер басқаратын жетілген мемлекетті идеалдандыру туралы көзқарастарын ұсынады. Бұнда қарапайым және парасаттанған дінді ұстана отырып, қауым философиялық тұрмыс қалпын кешуі керектігі айтылады. Демек, бұл қаладағы дін де утопияға сәйкестенген болуы шарт және онда дінге деген сенімнің барынша еркіндікке негізделген формалары ұсынылады. Олай болса, философ-әулиелер бұндай қоғамды басқаратын болса, онда олар өзіндік бір дінге деген сенім жүйесін жетілдіруі тиіс болып шығады деген сөз.

Қайта өрлеу дәуіріндегі діни философиядағы адам мәселесін тұтастай бір арнаға әкеліп тоғыстыруға болмайды, дегенмен, орта ғасырмен салыстырғанда дінді философиялық тұрғыдан түйсіну қандай бағытта болса, ондағы адам мәселесінің қойылуын да сол тұстардан іздеу керек. Бұл кезеңдегі діни антропологиялық ұстанымдар философиялық ізденістерді адамға қарай бет бұруға алып келгендіктен, құдайды тануда, адамның дінге сеніміндегі орнын тағайындауда, әлемдегі адам орнын белгілеуде т.б. болсын схоластикадан, фанаттықтан, догмалардан алшақтай түсті. Сондықтан да адам болмысы бұл кезеңде қазіргі өлшемдермен салыстырғанда өзінің шынайы болмысын іздеуге қарай бет бұрды деп айта аламыз. Адамның тек құдайдан ғана емес, әлеммен де ажырамас бірлігі қарастыруы тиіс болды. Сондықтан да, адам болмысының метафизикалық қырлары, жан мен рух, оның мәңгі

өлмейтіндігі туралы пайымдаулар, күнәлі болып туылған пенде келесі жоспарға шығарылып, оның космологиялық-онтологиялық тұғырларын айқындауға басымдылық берілді. Бірақ адамның қоғамдағы, діни танымдағы емес, әлемдегі тұлғалық болмысына баса назар аударуға көңіл бөлінді де, «сенімдегі адамның онтологиялық-космологиялық болмысы» туралы пайымдаулар жүргізілді. Нәтижесінде, адам болмысын дінге қатысты тұрғыдан зерделеуге мүмкіндіктер ашылды да, еркін-ой санаға құрылған діндегі антропологиялық мәселелер талқылана бастады: діни сенім еркіндігіне байланысты адам да еркіндік ала бастады, адамды діннен тыс та, онымен байланысты тұрғыдан да қатар қарастыруға болатын ұстанымдар да қалыптасты, адамды даралап зерттеуден гөрі әлеммен тұтастандыруға көбірек назар аударылды т.б.

Өзінің дүниені танып білудегі қабілетін көрсете бастаған адамның ақылы ерікті-еріксіз түрде бағалануы тиіс болғандықтан, сол діннің өзі туралы дін философиясына келіп тоғысатын көзқарастар өрістеді. Себебі, дінді сырттай зерттеуге көңіл аудару және оған деген ой еркіндігінің ашылуы, ақылдың қабілетімен келіп шартталды. Яғни, адам ақылы, жалпы дін туралы пайымдаулар, болжамдар, ой-толғаныстар құруға мүмкіндік алғаннан соң, ондағы адам болмысы ашылуы тиіс болып шықты. Осы тұста, аталған мәселе бойынша ізденістердің «қиынырақ» жүргізілгендігі де байқалған сыңайлы. Біріншіден, ол әлі де жойыла қоймаған схоластикалық қатаң ұстанымдардан арыла алмаудан немесе олардың әр түрлі ықпалдарынан, екіншіден, ерікті-еріксіз түрде антика дәуіріндегі идеяларға келіп оралып, оларды дамытуға қайта-қайта бетбұрып отырғандығынан, діндегі адам түгілі қоғамдағы діннің «жаңа орнын» іздеу үрдістерінің жүріп отырғандығынан, әлемнің жаңаша бейнесінің құрылуы ондағы адамның да жаңаша орнын табуы тиіс болғандығынан т. б. анығырық байқалады.

Қорытынды

Философия мен ғылымдағы еркін ой діндегі және адам болмысындағы еркін ойды тудыруға алып келді. Протестантизм мен кальвинистік ілімдер, біздіңше, түптеп келгенде, адамның дінге сенімін жеңілдету мен адамға еркіндік беруден туындаған сыңайлы. Ал адамға берілген еркіндік, өздігінен дінге деген еркіндік пен келіп шартталатын болды. Сондықтан, адам туралы толғаныстар, мысалы, гуманизм мен этикалық мәселелер кейде, дінсіз де қарастырыла бастады. Адам еркіндігі ой еркіндігін тудыруға алып келгеннен кейін, орта ғасырдағы діни апологетика, теодицея сияқты ағымдар діни философиялық ойлардан тысқары қалды,

олай болса, оның өзі дін философиясына қарай бет бұрған ойтолғамдар түзілімін туғызды және ол көп жағдайда адамнан тысқары да бола алмады деуге болады. Яғни, адам еркіндігінен туындаған сенім еркіндігі, гуманизм мен этикалық мәселелер өздігінше, сол дәуір үшін жаңаша бір сипат алды. Бұл келесі кезекте, жаңа дәуірдегі дін философиясындағы адам мәселесіндегі басқа да жаңа идеялардың тууының алғышарты ретінде көрініс тапты.

Библиография

- Айталы, А. 2013. 'Дін аралық диалог: ізгілікке күрделі бетбұрыс'. Дінтұтқа, 832 б.
- Дынник, М. 1934. 'О причине начала и едином', М., ОГИЗ, 230 с.
- 'Кальвин Жан и его реформированное богословие'. Электронный ресурс. URL // <http://edinbog.ucoz.ru>. (дата обращения: 17.08. 2015).
- Кузанский, Н. 2001. 'Об ученом незнаний', *Антология философии Средних веков и эпохи Возрождения*. М., ОЛМА–ПРЕСС, 450 с.
- Мартин, Л. 1996. 'Диспут о прояснении действительности индульгенций (95 тезисов)', СПб., Герменевт, сс. 17–18.
- Тажуризина, З. 1979. 'Николай Кузанский', М., Мысль, 448 с.
- Фичино, М. 1981. 'Комментарии на «Пир» Платона, О любви', *Эстетика Ренессанса*. М., Искусство, В 2-х т. Т. 1., сс. 210–234.

References

- Aytali, A. 2013. 'Din aralik dialogue: izgilikke kurdeli betburis' [Inter Religious Dialogue is the Shift to Goodness]. Dintutka, 832 b.
- 'Calvin Jean and his reformed divinity'. Jelektronnyj resurs. URL //<http://edinbog.ucoz.ru>. (data obrashhenija: 17.08. 2015).
- Dynnik, M. 1934. 'O prichine nachlo I edinom', [About the Reason the Beginning and Uniform], M., OGIZ, ss. 230 .
- Fichino M. 1981. 'Kommentarii na "Pir" Platona, O Lubvi', [Comments on "Feast", the Aesthetics of the Renaissance]. M., Art, 495 s.
- Kusansky, N. 2001. 'Antologiya filosofii Srednih vekov I epohi vozrozhdeniya' [Anthology of Philosophy of the Middle Ages and Renaissance]. M., OLMA-PRESS, 450 s.
- Martin, L. 1996. 'Disput o proyasnenii deistvennosti indulgencii' [Debate About Clearing of Effectiveness of Indulgences (95 theses)]. SPb., Germeneft, ss. 17–18.
- Tazhurizina, Z. 1979. 'Nikolay Kuzansky'. M., Thought, 448 s.

Асқар Әкімханов (Алматы, Қазақстан)

ӘБУ МАНСУР ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ БІЛІМ ШЕЖІРЕСІ

Аннотация. Мақалада сунниттік бағыттағы матуридилік сенім мектебінің негізін қалаған біртуар ғалым Әбу Мансур әл-Матуридидің білім шежіресі жан-жақты сараланады. Имам Матуридидің білім жолында қандай ғалымдардан тәлім алғандығы жайлы толыққанды мәлімет беріледі. Матуридидің білім шежіресін анықтауда орта ғасырлық биограф және теолог ғалымдардың, сондай-ақ бүгінгі таңдағы шығыстанушы және матуридитанушы ғалымдардың еңбектеріне жүгініледі. Исламдағы ең ірі сунниттік теология мектебінің іргетасын қалаған имам Матуридидің білім жолы мен ілім шежіресін анықтау – оның ілімінің түп негізін айқындаудың бірден-бір жолы болып табылады.

Түйін сөздер: теология/кәләм ілімі, ханафи мазхабы, фикһ ілімі, матуриди ілімі/мазхабы, эпистемология, Мауараннахр кәләм мектебі, Мауараннахр ханафи мектебі, «рай» әдісі, «зуһд».

Кіріспе

Исламдағы кәләм ілімінің негізін қалаған ғалымдардың бірі Әбу Мансур әл-Матуриди (қ.ж.944) ислами ойсана тарихында пайда болған сан алуан діни түсініктер мен ұстанымдар арасынан танымның қайнар көзі «уахи» мен «ақыл» деп санайтын діни рационализмді әрі соған негізделген «рай» әдісін («рай» әдісі – Құран және сүннетті негізге ала отырып, ақылға жүгіну арқылы аталмыш екі қайнар көзден «қияс» жолымен үкім шығару әдісі, бұл әдісті қолданған ғалымдар ғылым тарихында «әһл әр-рай» деп аталған) қолдайтын жаңашыл ғалымдардың бірі болды. Әсілі, діни рационализмге негізделген «рай» әдісінің негізін қалаған ұлық имам Әбу Ханифа болса да, оны пәлсапалық, эпистемологиялық және теологиялық тұрғыдан негіздеп, жүйеге салып, ғылыми тұрғыдан дамытқан ғалым имам Матуриди десек артық айтқан болмаймыз. Имам Матуриди сунниттік Ислам теологиясын ғылыми сипатта қалыптастырып, жүйеге салып, дамыту арқылы Ислам дінін оның негізімен үйлеспейтін жат сенімдерден, жаңсақ тұжырымдар мен догмалардан тазарту жолында ерен еңбек етті. Осылайша ол Құран мен сүннетке негізделген сунниттік сенімнің кіршіксіз таза күйінде сақталып, келешек ұрпаққа жетуіне елеулі үлес қосты.

Ислам дінінің ғылым және ойсана тарихынан ойып тұрып орын алғанына қарамастан дереккөздерде имам Матуридидің ата тегі, туған жылы және жалпы өмірбаяны жайлы мәлімет жоқтың қасы деуге болады. Сол себепті, биограф және матуридитушы ғалымдар Матуридидің өмірлік және ғылымдағы жолын оның өмір сүрген ортасы, ұстаздары, шәкірттері және замандастары жайлы бізге жеткен азынаулақ мәліметтерге қарап анықтауға тырысқан.

Бізге жеткен азынаулақ деректерге қарап, Матуридидің жастайынан ғылымға құштар, өте ынталы да, қабілетті шәкірт болғанын және өз заманындағы үлкен ғалымдардан тәлім алғанын аңғарамыз. Ол негізгі тәлімін Самарқандағы «Дәр әл-Жузжания» деп аталатын ханафилерге тиесілі білім ордасында алған және кейін сол жерде дәріс берген [Ибн Йахйя, v. 161 b.]. («Дәр әл-Жузжания» Матуридидің шәкіртінің шәкірті Ибн Йахйяның айтуынша, Самарқандағы ханафилік бағытты ұстанатын ең беделді екі ғылыми мектептің, бүгінгі тілмен айтқанда университет немесе академияның бірі болған. Аталмыш мектептің өкілдері «иман» мен «амал» ұғымдарын бір-бірінен бөліп қарастырған және діни мәтіндерді «тәуил» жасауға болады деген пікірді ұстанған. Ал «әлИадия» мектебінің өкілдеріне келсек, олар жузжаниялықтар сияқты «иман» мен «амал» ұғымдарының екі бөлек екенін қабылдағанымен діни мәтіндерді «тәуил» жасау дұрыс емес деген пікірді ұстанған).

Әсілі, Исламдағы ең ірі сунниттік теология мектебінің іргетасын қалаған имам Матуридидің білім жолы мен ілім шежіресін анықтау – оның ілімің, яғни ғылыми мұрасы мен тұжырымдарының түп негізін айқындаудың бірден-бір жолы болып табылады. Сондықтан да бұл біз үшін өте маңызды мәселе болып табылады.

Белгілі биограф ғалымдардың еңбектері арқылы Матуридидің білім шежіресін анықтау

Ал енді, Матуриди нақты кімдерден тәлім алған деген сауалға келсек, бұл сауалдың жауабын іздеген зерттеушілердің әртүрлі пікірде екенін көреміз. Өйткені, дереккөздерде оның нақты кімдерден тәлім алғандығы жайлы да әр түрлі мәліметтер келтірілген. Мысалға, Ибн Йахйя (X ғ. соңы) (Ибн Йахйя – Матуридидің ұстазы әшШәһид Әбу Наср Ахмад әлИадидің алдында он бес жылдай тәлім алған Ибн Зәкәрия Йахйя ибн Исхақтың ұлы, «Шәрху жумәли усул әдДин ли Әби Сәләмә әс-Самарқанди» атты еңбектің авторы, Анке Вон Куегелген мен Әшірбек Муминовтың пікірінше бұл еңбек Матуриди және мазхабы жайлы маңызды мәліметтер келтірген ең көне еңбек болып табылады, сондай-

ақ бұл еңбек Матуридидің Әбу Ханифаға дейінгі ұстаздарының тізбегі/ шежіресі келтірілген ең алғаш-қы еңбек саналады) оның ұстазы ретінде Әбу Наср Ахмад ибн әл-Аббас әлИадиді ғана атаған. Сол сияқты Әбу Муғин әнНәсәфи де әлИадиді ғана атаған [Нәсәфи, I 357; 359 бб.]. Кейін Ибн Әби әл-Уафа әлҚураши (қ.ж.1373) [Құраши 1952, II 130 б.], Ибн Кутлубуға (қ.ж.1474) [Кутлубуға, 59 б.] және Ташкөпрузаде (қ.ж.1560) [Ташкөпрузаде, II 22 б.] сынды биограф ғалымдар да бәлкім Ибн Йахйа мен Нәсәфиге сүйеніп, әлИадиді ғана атап көрсеткен. Алайда, әл-Қураши тағы бір жерде оның екінші ұстазы Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ әл-Жузжани болған деген де болжам айтқан [Қураши 1952, II 246 б.]. (Міне бұдан екінші ұстаздың Маделунг қателесіп айтқандай Әбу Сулейман әл-Жузжани емес екені анықталады. Нәсәфидің айтуы бойынша Әбу Бәкр әлЖузжани әйгілі Әбу Сулейманның шәкірті болған. [Нәсәфи 1990, I 356 б. бастап]). Ал Кемалпашазаде оның аталмыш екі ұстазы әл-Иади мен Әбу Бәкр әлЖузжаниді бірге атаған [Флюгел 1860, 274 б.]. Ләкнәуи болса, Матуридидің бір ғана ұстазын атаған, алайда, ол әл-Иадиді емес, керісінше, Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ әл-Жузжаниді атаған [Ләкнәуи 1906, 195 б.]. Ал Байади мен Муртада әзЗәбидиге келсек, олар еңбектерінде жұп күйінде Матуридиге тәлім берген төрт бірдей ұстаздың аты аталған. Олар – Әбу Наср Ахмад әлИади мен Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ әл-Жузжани, сондайақ Нусаир ибн Йахйа әлБәлхи мен Мухаммад ибн Муқатил әрРази [Байади 1949, 23 б. Зәбиди, II 5 б.].

Ал кейінгі зерттеушілерден Уильрих Рудольфтың анықтауынша, Матуридидің екі ұстазы болған. Олар – Әбу Наср Ахмад әлИади мен Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ әл-Жузжани [Рудольф 1999, 97–98 бб.]. Ал матуридитанушы Шүкрі Өзеннің пікірінше, Матуриди кем дегенде бес ғалымнан тәлім алған. Оның пікірінше, Матуриди аталмыш төрт ұстазға қоса, Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Ража әлЖузжаниден де тәлім алған [Өзен 2001, 13–15 бб.]. Өзен бұл пікірін Құрашидің «әл-Жауахир әлМудийа» атты еңбегіне сүйеніп айтқан. Аталмыш еңбекте Матуридидің Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Ража әлЖузжаниден риуаят еткендігі айтылған [Қураши 1952, III/82 б., IV/29 б.]. Сондайақ Нәжм әд-Дин Умар әнНәсәфидің еңбегінде Матуридидің тіл білімін Әбу Аусаж Тәубә ибн Қутайбә ал-Хужайми ан-Нахуи ал-Арабидің алдында оқығандығы айтылған [Умар Нәсәфи, 115 б.]. Міне, осы деректерге қарап, Матуриди діни білімін бес бірдей ғалымнан алған деуге болады. Атап айтсақ олар:

1. Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ әл-Жузжани (IX ғ. екінші жартысы)
2. Әбу Наср Ахмад ибн әл-Аббас әлИади (қ.ж. шамамен 890)
3. Нусаир ибн Йахйа әлБәлхи (қ.ж.881)

4. Мухаммад ибн Муқатил әрРази (қ.ж.862)

5. Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Ража әлЖузжани (қ.ж.898)

Аталмыш ғалымдардың алғашқы екеуі Әбу Ханифаның шәкірттері Мухаммад әшШәйбани мен Әбу Юусуфтен тәлім алған Әбу Сулейман Муса әлЖузжаниден тәлім алса, соңғы екеуі Имам Ағзамның шәкірттері Мухаммад әшШәйбани, Әбу Юусуф, Әбу Муқатил әсСамарқанди және Әбу Мути әлХакам ибн Абдуллаһ әлБәлхиден тәлім алған [Байади 1949, 23 б. Зәбиди, II 5 б.]. Міне сол себепті, имам Матуридиді ханафи мазхабының төртінші, тіпті, үшінші буын ғалымдарының санатына жатқызуға болады. Яғни, Матуриди Әбу Ханифаның ілімін, әсіресе сенім мәселелеріне қатысты негізгі концепцияларын құп алып, оны эпистемологияға негіздей отырып, одан ары ғылыми тұрғыдан дамытып, жүйеге салған ханафи мектебінің маңдайалды түлегі деуге толық негіз бар. Дереккөздерде Матуридидің өзі жайлы мәлімет аз болғандықтан, оны негізінен өзіне тәлім берген ұстаздары арқылы тануға тырысамыз. Ендеше, оның аталмыш ұстаздарына жекежеке тоқталып өтейік:

***Әбу Бәкр Ахмад ибн Исхақ ибн Субх әл-Жузжани әлБағдади
(шамамен ІХ ғ. екінші жартысы)***

Дереккөздерде Әбу Бәкр әл-Жузжани жайлы мәлімет өте аз. Оның лақап атына қарап, Жузжанда дүниеге келгенін айтуға болады. (Жузжан – ортағасырда Мауараннахр аймағына кірген, бүгінгі Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан Түркменстанмен шекаралас өңір. Бұл өңірден Мауараннахр ханафи мектебінің негізін қалаған белді ғалымдар шыққан.) әл-Жузжани Әбу Ханифаның шәкірті Мухаммад әшШәйбанидің өзінен тәлім алған және өмірінің соңғы жылдарында Бағдатта тұрып, дәріс оқытқан фикһ ғалымы Әбу Сулейман әлЖузжаниден (қ.ж.816) фикһ оқыған [Ақ, 44-45 бб.]. Міне, сол себепті ол әлБағдади деп те аталған. ӘлЖузжани Бағдатта тәлімін тәмамдаған соң, Самарқанға келіп, дәріс береді және онда ханафи мазхабының кең етек жайып, күшейуіне елеулі үлес қосады. (Тіпті, Нәсәфидің айтуынша Самарқандағы ханафи мектебі Әбу Бәкр әл-Жузжаниден бастау алған. [Нәсәфи 1991, I 356 б.]. Алайда, Рудольф бұл пікірмен келіспейді. Өйткені, оның пікірінше ханафи ғалымдары және ілімі Самарқанда Жузжаниден бұрын да болған. Мысалға белгілі ханафи ғалымы Әбу Муқатил әсСамарқанди өзінің еңбегі «Китәб әл‘алимді» Самарқанда жазған. Сондайақ Әбу Бәкр әс-Самарқанди де сонда дін жолында еңбек еткен. Сондықтан Жузжаниді Самарқандағы ханафи мектебінің негізін қалаушы емес, оның сол аймаққа тән өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасып, одан ары дамуына мұрындық

болған ғалым ретінде қарастыруға болады. [Рудольф 1999, 101 б.]. Әбу Бәкр әл-Жузжани Самарқандағы «Дәр әлЖузжания» медресесінің өкілі. Ол жайлы қалам тартқан ғалымдардың бәрі бір ауыздан оның жанжақты ғалым болғандығын, яғни, «усул» ілімі мен «фуруғ» ілімдерінің білгірі болғанын алға тартқан [Рудольф 1999, 101 б.]. Сондайақ ол фикһ ілімімен қатар, кәләм ілімін де жетік білген. Шәкірттерінің фикһпен қоса кәләм іліміне де жетік болуы соның айғағы [Ислам энциклопедиясы, VIII 97 б.]. Солардың ішінде, Әбу Наср әлИади, Әбу Мансур әлМатуриди және Әбу Наср Мухаммад ибн Ахмад әз-Зәһәби әл-Хаддадиді Жузжанидің маңдайалды шәкірттері ретінде ерекше атап өтуге болады. Оның өз ұлы Әбу Абдуллаһ ибн Әби Бәкр әл-Жузжани де Самарқанда фикһтан дәріс берген. Әбу Бәкр әлЖузжани өзінің ұстаздық қызметін қарапайым халық, яғни дін жолындағы жауынгерлер (ғузат), қолөнершілер және саудагерлер арасында атқарған. Рудольфтың пікірінше, Жузжани мен Матуридиді байланыстыратын екі бірдей тарихи дәйек бар: Біріншісі, оның Самарқанда дәріс оқытқандығы, тіпті, Нәсәфидің айтуынша, Самарқанның дәстүрлі кәләм мектебі осы әл-Жузжаниден бастау алған [Нәсәфи, I 356 б.]. Яғни, ол қатардағы ұстаздан бұрын, жергілікті кәләм мектебінің негізін қалаған салмақ үлесі мол беделді ғалым болған. Екіншісі, ханафи мазхабына тиесілі көне қолжазбалар арқылы жеткен маңызды мәлімет. Ол Мауараннахр кәләм мектебінің ең маңызды қайнар көздерінің бірі саналатын «Китаб әл-Алим уә-л-мутааллим» атты еңбекті жеткізген ғалымдар тізбегі. Бұл тізбекті сенімді деуге толық негіз бар [Рудольф 1999, 31 б.]. Аталмыш тізбекте былай делінген: бұл мәтін Мухаммад ибн Муқатил әр-Разиден (және Әбу Сулейман әл-Жузжаниден) Әбу Бәкр әл-Жузжаниге жеткен, ал одан Әбу Мансур әл-Матуридиге жеткен [Кәусари 1949, 22 б.]. Дереккөздерде Жузжанидің көптеген еңбектері болғаны айтылса да, үш еңбегінің ғана аты аталған. Олар: «әлФарқ уә әтТәмийз» [Нәсәфи, I 356 б.] бұл еңбек Аллаһтың атрибуттары, соның ішінде, «зати» және «фиғли» атрибуттары жайлы жазылған [Ислам энциклопедиясы, VIII 97 б.]. Алайда, Рудольф бұл еңбектің атауына қарап, нақты қай сала бойынша жазылғанын дөп басып айту мүмкін емес дей келе, фикһ іліміне қатысты болуы мүмкін деген болжам айтқан. «Китәб әтТаухид» және «Китәб әтТәубә» [Хажы Халифа, 1406 б.]. Өкінішке орай, Хажы Халифа бұл кітаптің мазмұны жайлы мәлімет бермеген. Дегенмен, еңбектің атауына қарап, уағызнасихат форматында жазылған деп айтуға болады. [Рудольф, 101 б.] Бірақ, өкінішке орай, аталмыш еңбектер сақталмаған. Жузжанидің қайтыс болған жылын дөп басып айту мүмкін емес, сондықтан да, зерттеушілер шәкірті әл-Иадидің қайтыс болған жылына қарап, ол да

IX ғасырдың екінші жартысында дүниеден озған деген болжам айтқан. Дегенмен мұнда да нақтылық жоқ, өйткені дереккөздерден оның шәкірті әлиИадидің жасы жетіп қайтыс болмағаны, керісінше, жорыққа шығып, жау қолынан қаза тапқаны белгілі.

Әбу Наср Ахмад ибн әл-Аббас әлиИади (қ.ж. шамамен 890)

Нәсәфидің еңбегінде оның шежіресі былай келтірілген: Әбу Наср Ахмад ибн әл-Аббас ибн әлХусейн ибн Жәбәлә ибн Ғалиб ибн Жәбир ибн Нәуфәл ибн Ийад ибн Йахйа ибн Қайс ибн Сағд ибн Убадәт әлАнсари [Нәсәфи, I 356 б.]. Осы шежіреге қарап, оның әйгілі ансарлық сахаба, мәдиналық Хазраж тайпасының көсемі Сағд ибн Убадәт әлАнсаридің тікелей ұрпағы екенін көреміз. ӘлиИади фикһ ілімін Матуридиден бірге Әбу Бәкр әл-Жузжаниден оқыған [Ғали 1989, 46 б.]. ӘлиИади діни ілімдер арасынан кәләм іліміне өте жетік болған. Ол «Китәб ал-мусаннаф фи мәсәләт әс-сифат» атты Аллаһтың атрибуттарына қатысты еңбек жазып, онда муғтазилиттер мен нәжжәриліктердің пікірлерін сынға алып, сунниттік сенімді жақтаған [Нәсәфи, I 357 б.]. Рудольфтың пікірінше, аталмыш еңбек шығыс ханафи теологиясының ең көне қайнар көзі, тіпті, ең алғашқы үлгісі болуы мүмкін. Сондайақ оның «әсСәйф әлмәсул әлә мән сәббә асхаб арРасул» атты сахабаларға кінә тағып, тіл тигізушілерге қарсы жазған тағы бір еңбегі болған [Хажі Халифа 1941, 1018 б.]. Матуриди кәләм ілімін және діни пікірталастың қырсыры мен әдістәсілдерін осы ұстазынан үйренген болуы бек мүмкін [Рудольф 1999, 104 б.].

Дереккөздерде әлиИадидің ілімі бейне бір түпсіз теңіздей терең болған, небәрі жиырма жасында қатарының алды болған, асқан батыл әрі қайтпас қайсар болған [Нәсәфи, I 356, 357 бб.], дегендей мақтау сөздер кездеседі. Сондайақ оның өз ортасында асқан зеректігімен қатар, байсалдылығы және тақуалығымен де танылғандығы тілге тиек етілген [Қураши 1952, I 70 б. Зәбиди 1893–94, II 5,20 б.]. Хаким әс-Самарқандидің айтуынша, әлиИади теріс сенімдегі адасқан топтардың өкілдерімен пікір таластырып, қарсыластарының пікірлерін өздері дәлел ретінде алға тартқан Құран аяттарыменәк теріске шығаратын және қай қарсыласын болмасын бірекі ауыз сөзбенақ тұқыртып тастайтын аса қабілеті болған [Нәсәфи, I 357 б.]. Міне, осындай мәліметтерге қарап, оның өз дәуірінде аса беделді де, салмақ үлесі мол ғалым болғанын көреміз. Тарихи деректерде оның ғылымбіліммен қатар дін жолындағы жауынгерлік міндетін де атқарған жаужүрек ғалым болғандығы айтылған. Ақыры, Саманиттердің әміршісі Наср ибн Ахмад әлКәбирдің

(қ.ж.892) қолбасшылығымен шамамен 890 жылы [Рудольф 1999, 102 б.] (Исламды қабылдамаған) Түркілерге қарсы ұйымдастырылған жорықта тұтқынға түсіп, жау қолынан қаза табады. Оның дін жолында шейіт болуы абыройбеделін одан сайын арттыра түседі. Дереккөздерде Иади дүниеден озғанда артында қырық шақты зәһид (тақуа, діндар) шәкірт қалдырғаны жайлы айтылады [Нәсәфи, I 357 б.]. Оның шәкірттерінің арасынан Әбу Мансур әлМатуриди мен әлХаким әсСамарқандиді ерекше атап өтуге болады [Умар әнНәсәфи, 425 б.], сондайақ Иадиден кейін «Дәр әлЖузжанияның» басшылығына тағайындалған өз ұлы әл-фақиһ Әбу Ахмад әлИади мен екінші ұлы «әлМәсәйл әлИадийа» атты теологиялық еңбектің авторы Әбу Бәкр әлИади де әкелерінен тәлім алған. Иади өзінің һәм дәрістесі һәм шәкірті болған Матуридиді жасы кіші болса да ерекше ізет тұтқан. Нәсәфидің айтуынша, ол Матуриди келмейінше дәріске бастамайтын болған және оны көрген сайын: «Раббың қалағанын жаратып, қалаған пендесін таңдайды», – деп тамсанады екен [Нәсәфи, I 359].

Әбу Бәкр әлЖузжанидің маңдайалды шәкірттері Әбу Наср әлИади мен Әбу Мансур әлМатуриди «Әһл әлхадис» ғалымдарының жинақтарында аталмайды, яғни, ол екеуі дін негіздеріне қатысты дәстүрлі ұстанымнан бөлек, ақыл мен қисынға жүгінетін рационалистік ұстанымдағы «әһл әр-рай» ғалымдарының санатына жататын.

Мухаммад ибн Муқатил әрРази (қ.ж.862)

Мухаммад ибн Муқатил әрРази Әбу Ханифаның маңдайалды шәкірттері имам Мухаммад әшШәйбани, Әбу Мути‘ әлХакам ибн Абдилләһ әлБәлхи және Әбу Муқатил Хафс ибн Муслим әсСамарқандиден сондайақ әйгілі хадисші Уәки ибн әлЖәррахтан (қ.ж.812) тәлім алған [Қураши 1952, II 134 б.]. Райлық әрі фиқһ ілімінің білгірі болған әрРази біраз уақыт Рай шаһарының қазысы болған әрі сонда Әбу Ханифаның ілімі мен ғылыми тұжырымдарын жайған. «Рай» әдісін құптайтын, өз дәуіріндегі маңдайалды ғалымдардың бірі болған әрРазиден Әбу әл-Қасим әт-Табарани, Мухаммад ибн Али әлХаким әтТирмизи және имам Бухари сынды әйгілі ғалымдар дәріс оқыған [Ак 2008, 46 б.]. Билқасим әл-Ғалидің айтуынша оның «әл-Муддәа уә әл-муддәа алейһи» атты еңбегі болған [Ғали, 45 б.]. Рудольф өз еңбегінде әр-Рази мен әл-Бәлхиді меңзеп: «Бұрынсоңды Матуридидің ұстазы ретінде аты аталмаған базбір ғалымдардың XVII–XVIII ғасырларда атала бастауы еріксіз күмән туғызады», – деген. Рудольф сөзін ары қарай сабақтап былай деген:

«Алдымен Камал әдДин әлБайади мен Муртада әзЗәбиди атаған, Нусаир ибн Йахйя әлБәлхи (қ.ж.881-2) [Құраши, II 200 б.] мен Мухаммад ибн Муқатил әрРазиден (қ.ж. 862) [Хажі Халифа, II 1457 б.] тұратын екінші жұпты қарастырар болсақ, ол екеуінің Матуридидің ұстазы болуы мүмкін емес деген тұжырымға келеміз. Әрине, олардың екеуі де өз заманында аса беделді де, салмақ үлесі мол ғалымдар болған, бірақ, екеуі де Самарқанда тұрмаған [Нәсәфи, I 356 б.], һәм де бұған дейін олардың есімі Матуридиге қатысты жерлерде еш аталмаған. Оның үстіне, әсіресе, әр-Рази мен Матуриди арасында едәуір уақыт қашықтығы да бар. Әр-Разидің дүние салған жылына қарайтын болсақ, Матуридидің одан тәлім алуы үшін бас кейіпкеріміздің ғұмыржасы жүз жылдан кем болмауы керек». Дегенмен бұл Рудольфтың жеке пікірі және болжамы. Өйтпесе, Матуридидің әр-Рази мен әл-Бәлхиге мүлдем қатысы болмаған деп кесіп айта алмаймыз. Өйткені, Бәлһ, Мәру және Рай шаһарларынан шыққан ханафи ғалымдарының Мауараннахр аймағына, соның ішінде, Самарқан ғалымдарына едәуір ықпалы болғаны тарихтан белгілі. Яғни, ханафи кәләмі мен фикһы Мауараннахр аймағына аталмыш шаһарлардан шыққан ғалымдар арқылы немесе Мауараннахрдан сол жерлерге барып тәлім алған ғалымдар арқылы жеткен. Сондай-ақ әр-Разиді жоғарыда келтірілген «Китаб әл-Алим уә-л-мутааллим» атты еңбекті жеткізген ғалымдар тізбегінен көреміз. Онда Матуридидің ұстазы Әбу Бәкр әл-Жужжани аталмыш еңбекті әр-Разиден риуаят еткен.

Нусайр ибн Йахйя әлБәлхи (қ.ж.888)

Фикһ ілімінің білгірі әрі тақуа ғалым болған Нусайр ибн Йахйя әл-Бәлхи имам Мухаммад әшШәйбани мен Әбу Юсуф әлАнсаридің шәкірті Әбу Сулейман әлЖужжаниден тәлім алған [Ләкнәуи 1906, 221 б.]. Сондайақ ол Әбу Мути әлХакам ибн Абдилләһ әлБәлхи және Әбу Муқатил Хафс ибн Муслим әсСамарқандиден де тәлім алған болуы мүмкін. Өйткені, дереккөздерден оның Әбу Ханифаның «әлФикһ әл-Әбсат» атты еңбегін Әбу Мути әлБәлхиден риуаят еткені белгілі. Сонымен қатар ол әйгілі хадисші Ахмад ибн Ханбалмен де кездескен [Һарауи 2012, 527 б.]. Сондайақ ол Имам Ағзамға тиесілі «Рисәлә илә Усман әл-Бәтти» атты еңбекті Мухаммад ибн Сәмә әтТәмимиден алып, Бәлхке жеткізген алғашқы ғалым [Кутлу 2010, 224 б.]. Аталмыш мәліметтерге қарап, оны Әбу Ханифаның ілімі мен ғылыми тұжырымдарын Бәлхке жеткізген әрі сонда жайған ғалым ретінде қабылдауға болады. Матуриди одан фикһ оқыған [Әбу Зәһра 1996, 173 б.].

Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Рәжә әл-Жузжани (қ.ж.898)

Әбу Бәкр Рәжә әл-Жузжани Әбу Сулейман әл-Жузжаниден тәлім алған және Нисабурдың қазысы болған [Нарауи 2012, 439 б.]. Әбу әл-Уәфә әл-Қурашидің еңбегінде Матуридидің одан риуаят еткендігі айтылған [Қураши 1952, III 82 б.]. Матуридитанушы Шүкрі Өзен өзінің «Әбу Мансур әлМатуридидің фикһ методологиясын қайта қалыптастыруы» атты еңбегінде Матуридидің Әбу Бәкр Рәжә әл-Жузжаниден де тәлім алғанын тілге тиек еткен [Өзен, 13–15 бб.].

Қорытынды

Дереккөздерде Матуридидің білім алу мақсатында Самарқаннан өзге жерлерге барып-бармағандығы жайлы мәлімет кездеспейді. Дегенмен, сол кезеңде Хорасанның Нишабур, Рай және Бәлх шаһарларының Самарқандағы ғылыми ортаға едәуір ықпалы болғанын һәм Матуридидің кейбір ұстаздарының аталмыш шаһарлардан шыққанын ескерсек, Матуриди ол жерлерге барған болуы да мүмкін. Имам Матуридидің еңбектері мұқият зерттелгенде, оның өз ұстаздары мен олардың еңбектерінен алған біліммен шектелмей, өз заманындағы өзге діндер, түрлі философиялық және дінисаяси ағымдар мен мазхабтар өкілдерінің еңбектерін де оқып, олардың ғылыми әдістеріне қанық болғандығы анық байқалады. Атап айтсақ, оның ежелгі философтардың да еңбектерін оқып, көзқарастары мен ғылыми әдістеріне қанық болғанын еңбектерінен анық байқауға болады.

Жоғарыда келтірілген деректерден Матуридидің Әбу Ханифаға барып тірелетін алты бірдей ілім шежіресі бар екенін көреміз. Олардың барлығы Имам Ағзам Әбу Ханифадан бастау алады.

Матуриди Әбу Ханифаның теологиялық тұжырымдарымен өзінің ұстаздары арқылы танысқан. Мысалға, Мауараннахр ханафи кәләм мектебінің ең маңызды қайнар көздерінің бірі саналатын, Әбу Ханифаға телінетін Китаб әл-‘Алим уә-л-мута‘аллим атты еңбекті жеткізген ғалымдар тізбегінде Матуриди және оның ұстаздары аталған. Бұл тізбекті сенімді деуге толық негіз бар [Рудольф 1999, 31 б.]. Аталмыш тізбекте былай делінген: «Бұл мәтін Мухаммад ибн Муқатил әр-Разиден (және Әбу Сулейман әл-Жузжаниден) Әбу Бәкр әл-Жузжаниге жеткен, ал одан Әбу Мансур әл-Матуридиге жеткен» [Кәусари 1949, 22 б.].

Сондайақ әлҚадый Хусам әдДин әлБаядый өз еңбегінде имам Матуридидің имам Ағзам Әбу Ханифаның әлУасыйя атты өсиетнамасын жеткізген ғалымдар тізбегінде бар екенін тілге тиек етіп, артынша

былай деген: «Матуриди өз еңбектерінде (Әбу Ханифадан жеткен) негізгі теологиялық тұжырымдарды кесімді де, дәйекті дәлелдермен қуаттаған және тармақ мәселелерді анық әрі айқын дәлелдермен шебер түсіндірген». Сондайақ әлБаядый имам Матуридидің сунниттік сенімді имам Әшғаридан әлдеқайда бұрын қорғағанын меңзеп, былай деген: «Матуриди біреулер ойлағандай имам Әшғаридің ізбасары емес. Матуриди сунниттік мазхабты Әшғаридан әлдеқайда бұрын қолдап, қорғаған Имамның (яғни Әбу Ханифаның) және оның ізбасарларының мазхабын/ілімін тарқатып түсіндірген/(жүйелі түрде талдап, дамытқан) ғалым» [Баядый 1949, 23 б.].

Матуриди өзіне ұздаздары арқылы жеткен Әбу Ханифаның «усул әддинге» (дінің негізіне) яғни сенімге қатысты көзқарастары мен тұжырымдарын негізге ала отырып эпистемологияға негізделген өзіндік ғылыми әдістемесі бар сунниттік кәләм ілімінің (теологияның) негізін қалады. Басқаша айтқанда, Әбу Ханифаның сенім мәселелеріне (усул әддинге) қатысты қарапайым тұжырымдары имам Матуриди арқылы өзіндік ғылыми әдіснамасы бар жүйелі ғылымға, яғни кәләм іліміне айналған. Осылайша Матуриди өзінің рухани ұстазы Әбу Ханифадан бастау алған «нақыл» (діни мәтіндер) мен «ақылға» (қисынды дәлелдерге) негізделген ілімі әрі ғылыми әдісі арқылы өз дәуірінде пайда болған көптеген діни мәселелердің оң шешімін таба білді. Ол мұсылмандардың сенімі мен санасезіміне едәуір ықпал еткен Исламнан тыс түрлі дінипәлсапалық (софистік, дуалистік, дахриттік) ағымдар мен оның өз ішіндегі бірқатар дәстүрлі сунниттік бағытқа қайшы (харижиттер, муғтазилиттер, жажмиттер, каррамиттер, қарматилер және рафизиттер сынды) дінисаяси топтардың діни көзқарастары мен догмаларын ғылыми тұрғыдан теріске шығарып, өзі ұстанған сунниттік сенімді нақылға һәм ақылға негізделген дәйекті дәлелдермен қуаттай білді. Нәтижеде оның өз атымен аталатын, мұсылман әлемінің тең жарымынан астамын қамтыған сунниттік бағыттағы ханафи сенім мектебі қалыптасты. Әсіресе, Орта Азия халықтары, соның ішінде Қазақ елінің діни сенімнанымы мен дүниетанымы әубастан осы ханафиматуридилік ілім негізінде қалыптасты.

Библиография

- Ак Ахмет, 2008. 'Бүйүк түрк алими Матуриди ве матуридилик', Ыстамбұл, 216 б.
Әбу Зәһра Мухаммад, 1996. 'Тәрих әл-мәзәхиб әл-исләмия', Каир, 711 б.
Байади Кәмәл әд-Дин, 1949. 'Ишарат әл-марам мин 'ибарат әл-имам', ред. Юусуф Абдурразак, Каир, 355 б.

Гали Билқасим, 1989. ‘Әбу Мансур әл-Матуриди хаятуһу уә арауһу әл-ақадия’, Тунис, 322 б.

Зәбиди, Мухаммад Мургада 1893–94. ‘Итхәф әс-сәәдә әл-муттакин би шарх ихиа улуми-д-дин’, I–X, Каир, II/429 б.

Ибн Йахйа, (қолжазба). ‘Шәрх жумәл усул әд-дин ли Әби Сәләмә әс-Самарқанди’, Ыстамбұл, Сулеймание ктпх. Шехид Али Паша бөлімі, тіркелген № 1648.

Ибн Қутлубуға, Зәйн әд-Дин Абу әл-Адл Қасим, 1962. ‘Тадж әт-таражим’, Бағдат, 568 б.

Кәусари Заһид, 1949. ‘Китаб әл-Алим уә-л-мутааллим’, Каир, 60 б.

Кутлу Сөнмез, 2010. ‘Түрклерин исламлашма сүрежинде муржие ве тесирлери’, Анкара, 332 б.

Қураши, Ибн Әби әл-Уәфә, 1952. ‘Әл-Жауахир әл-мудиа фи табақат әл-ханафия’, I–II том, Хайдарабад, 504/776 бб.

Ләкнәуи, Мухаммад Абд әл-Хай, 1906. ‘Әл-Фәуә’ид әл-бәһия фи таражим әл-ханафия’, Каир, 249 б.

Нәсәфи, Әбу Муин Мәймун ибн Мухаммад, 1990. ‘Табсират әл-әдиллә фи усули-д-дин’, ред. Клауд С. I–II том, Дамаск, 1202 б.

Нәсәфи, Нәжм әд-Дин Умар, 1991. ‘ӘлҚанд фи зикри уләмәй Самарқанд’, ред. Назар Мухаммад әл-Фариаби, Сауд арабиясы, 622 б.

Өзен Шүкрү, 2001. ‘Әбу Мансур әлМатуридинин фыкһи усулүнү йениден иншасы’, Ыстамбұл, 488 б.

Рудольф Ульрих, 1999. ‘Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде’, неміс тілінен ауд. Людмила Трутанова, Алматы, 286 б.

Ташкөпрузаде, Әбу әл-Хайр Ахмад ибн Мустафа, 1356 х.ж. ‘Мифтах әс-са‘ада уә мисбах әс-сиәдә’, I–III том, Хайдарабад, 405/267/734 бб.

Түркие дианет вакфы, ‘Ислам ансиклопедиси’, 1993. I–XXXXIV том, Ыстамбұл, VIII–XXIII/559/589 бб.

Флюгел Густав, 1860. ‘Die Classen der hanefitisch Rechtsgelehrten’ // *Abhandlungen der Koniglichen Sachsischen Gesellschaftder Wissenschaften*, VIII, Leipzig, 358 б.

Хажи Халифа, Мустафа ибн Абдуллаһ, 1941. ‘Кәшф әз-зунун’, ред. Шерәфеттин Мехмет, I–VI том, Ыстамбұл, I–II/938/2056 бб.

Һарауи, Нур әд-Дин Али ибн Султан Мухаммад, 2012. ‘әл-Әсмар әл-Жәния фи әл-әсмә әл-ханафия’, ред. Мухаммад Зәһид Кәмил Жул, Бейрут, 751 б.

References

Abu Zahra Muhammad, 1996. ‘Tarih al-mazahib al-islamiya’ [History of Islamic Madhabs], Kair, 711 b.

Ak Ahmet, 2008. ‘Buyuk Turk alimi Maturidi ve Maturidilik’ [The Great Turk Scholar Maturidi and Maturidism], Istanbul, 216 b.

Baiadi, Kamal ad-Din, 1949. 'Isharat al-maram min ibarat al-Imam' [Understand What Imam Has Said], red. Yusuf Abdurrazzak, Kair, 355b.

Flugel Gustav, 1860. 'Die Classen der hanefitisch Rechtsgelehrten' [Classification of Khanafi Lawyers] // Abhandlungen der Koniglichen Sachsischen Gesellschaft der Wissenschaften, VIII, Leipzig, 358 б.

Gali Bilkasim, 1989. 'Abu Mansur al-Maturidi hayatuhu ua arauhu al-akadiya' [Abu Mansur al-Maturidi: His Life and His Opinions Concerning the Iman], Tunis, 322 b.

Haji Khalifa & Mustafa ibn Abdullah, 1941. 'Kashf az-zunun' [Amendment Thoughts], red. Mehmet Sherefettin, I–VI tom. Istanbul, I/938, II/2056 b.

Harau, Nur ad-Din Ali ibn Sultan, 2012. 'Al-Asmar al-Janiya fi al-Asma al-hanafiya' [Gathered Fruits as for The Names of Khanafi Scholars], red. Muhammad Zahid, Beirut, 751 b.

Ibn Yahya, № 1648. 'Sharh jumal usul ad-din li Abi Salama as-Samarkandi' [Abu Salama as-Samarkandi's book "Sharh Jumal Usul ad-Din"], Istanbul, Suleimaniye, Shehid Ali Pasha,

Ibn Kutlubuga Zein ad-Din Abu al-Adl Qasim, 1962. 'Taj at-Tarajim' [Crown of Autobiography], Bagdat, 568 b.

Kausari Zahid, 1949. 'Kitab al-alim ua al-mutaallim' [Teacher and Student Book], Kair, 60 b.

Kutlu Sonmez, 2010. 'Turklerin islamlashma surejinde murjiye ve tesirleri' [Murji'ahs during the period Turk Islamization and their Influence], Ankara, 332 b.

Laknau, Muhammad Abd al-Hai, 1906. 'Al-Fauaid al-bahiya' [Very Useful], Kair, 249 b.

Nasafi, Abu Mu'in Maimun ibn Muhammad, 1990. 'Tabsirat al-adilla' [Bringing Arguments], red. Klaud Salama, I-II tom, Damask, 1202 b.

Nasafi, Najm ad-Din Umar, 1991. 'Al-Kand fi zikri ulamai Samarkand' [Remembrance About Samarkand Scholars], Saud Arabiyasi, 622 b.

Ozen Shukru, 2001. 'Ebu Mansur el-Maturidinin fikih usulunu yeniden inshasi' [Reviving Abu Mansur al-Maturidi's Fiqh Methodology], Istanbul, 488 b.

Qurashi, Ibn Abi al-Uafa, 1952. 'Al-Jauahir al-mudiya' [Shining with Jewel], I-II tom. Haidarabad, 504/776 bb.

Rudolf Ulrich, 1999. 'Al-Maturidi I sunnitskaya teologiya v Samarkande' [Al-Maturidi and sunni theology in Samarkand], aud. Ludmila Trutanova, Almaty, 286 b.

Tashkopruzade, Abu al-Hair Ahmad ibn Mustafa, 1356 h.j. 'Miftah as-saada' [Key of Happiness], I–III tom. Haidarabad, 405,267,734 bb.

Turkiye Diyanet vakfi, 'Islam Ansiklopedisi' [Islamic Encyclopedia], 1993. I-XXXXIV tom. Istanbul, VIII/559, XXIII/589 b.

Zabidi, Muhammad Murtada, 1893. 'Ithaf as-saadaal-muttakin' [Gifts of Pious People], I-X, Kair, 429 b.

ФИЛОСОФИЯ КАЗАХСКОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. В статье обсуждаются идеи философии казахского Просвещения, которые, раздвигая границы своего времени, являются значимыми и ценными для современного казахстанского общества. Наше время, круто перевернувшее сознание по части переосмысления духовного наследия народа, разрушившее стереотипы и догмы, в плену которых мы находились многие годы, делает востребованным и актуальным исследование идеологии просветительства в казахской мыслительной традиции, поиск современного подхода к ней. В статье утверждается, что для представителей казахского Просвещения знание есть самоцель, а не средство для достижения каких-либо благ, оно – фундаментальная основа развития человека. Знание просвещает душу человека и обогащает его духовную культуру, убеждены казахские просветители. Авторы статьи полагают, что пульс просветительской мысли казахов, представляющей собой яркий пример философского понимания мира и гуманистической ориентированности, определялся одной коренной идеей, которая волновала всех без исключения казахских просветителей – это идея служения, судьбы народа, его нравственных устремлений и идеалов, возможностей его приобщения к общечеловеческим ценностям и прогрессу. В эпоху глобализации, в условиях поиска национальной идентичности и самоидентичности обращение к философии казахского Просвещения в контексте нового подхода к национальной истории, отвечает самым актуальным задачам сегодняшнего дня и определяет направление будущих перспектив.

Ключевые слова: просветительская мысль, казахские мыслители, философия, образование, идея.

Особенности просветительской мысли казахов

Возникновение просветительства было подготовлено всем ходом развития казахского общества, а само просветительство явилось закономерным следствием, выросшим из глубокой потребности поиска путей для выхода из затяжного кризиса. Идеология просветительства в казахской мыслительной традиции не была привнесена извне, она – плоть от плоти результат эволюционного развития духовности казахского народа.

Тема возвращенности – одна из главных в сегодняшней культуре. Возвращаются поэты, философы, религиозные и политические деятели,

выходят из крепко и навсегда, казалось бы, определенного им небытия. Заполнение «белых пятен» на карте казахской просветительской мысли позволяет по-новому взглянуть на философию казахского Просвещения. Исследователи совершенно справедливо подчеркивают, что ими «впервые были критически переосмыслены и переоценены запрещенные в период Советской власти труды Машхур Жусупа Копеева и других выдающихся казахских деятелей. При изучении рукописей этих мыслителей, обогативших духовную культуру народа, были определены их стили, жанры, идеологические и тематические особенности, а также стало ясно, что были репрессированы их идеи, целые системы миропознания и миропонимания, ставшие сегодня чрезвычайно актуальными. Кроме того, на основе фактического материала показано, что в нашем общественном сознании довольно глубоко удалось заточить их традиции, высокую духовность, уровень образования и культуры» [Shapauov, 2014, p. 300].

Казахское Просвещение – одна из конкретных, национальных форм исторического существования просветительства. Совпадая во многом с просветительским движением в России и Западной Европе, просветительство в Казахстане имело и свою специфику, обусловленную особенностями исторического и национального развития казахского народа, его духовного мира. Изучение просветительской философии казахского народа помогает нам сегодня снова возвратиться к истокам нашей культуры, нашего мироощущения и прививает столь недостающую в наше время способность видеть мир не только рядом с собой и вокруг себя, но и в его неизведанных высотах и глубинах.

«Сердцевиной казахской национальной философии, – правильно отмечал М.С. Орынбеков [2001, с. 3], является проблема человека, его онтологических, сущностных и познавательных сил. Это незамедлительно перерастает в обсуждение проблемы человека, его сущности, которая при ближайшем рассмотрении оказывается его духовностью, средоточием его бытийственных и культурных возможностей и перспектив». Действительно, духовность как восхождение личности, как обретение культуры открывается и решается человеком каждый раз заново и только для себя в каждом историческом времени.

Одной из важнейших характерных черт, определившей особенности просветительства в Казахстане, была национальная проблема, явившаяся следствием и особенно усугубившаяся в связи с присоединением Казахстана к России. Именно поэтому типичное для просветительства вообще отражение потребностей буржуазного обновления социально-политического строя в казахском Просвещении выразилось в своеобразной форме призыва к прочному союзу Казахстана с Россией и восприятию ее

прогрессивной культуры казахским обществом. Казахские просветители подготавливали почву для проникновения европейской и, в особенности, русской цивилизации в казахскую народную среду, а их борьба против невежества и за утверждение справедливости преследовала несколько иные цели и привела к несколько иным результатам, чем борьба просветителей на Западе.

Важной особенностью казахского просветительства выступает социальная направленность воззрений казахских мыслителей, а также ориентированность на проблему человеческой экзистенции и духовный поиск смысложизненных оснований бытия человека. Красной нитью через все произведения казахских мыслителей проходит идея служения и просвещения своего народа. Казахские просветители пытались раскрыть уникальный образ мира. Они были глубоко убеждены, что без духовного роста человека любая деятельность в этом мире теряет свой смысл.

Философия казахского Просвещения была насыщена глубокими размышлениями об общенациональных ценностях и нравственной ответственности. Для казахских просветителей понятие духовности стало особым объяснительным принципом, ориентируясь и опираясь на который, они рассуждали о глубинных смыслах бытия, о своеобразной мере определения подлинно человеческого в самом человеке, о цели человеческого существования.

Как и русские просветители, казахские мыслители пропагандировали нового человека – активного, просвещенного, соответствующего новым становящимся общественным отношениям. Развитие товарно-денежных отношений, оседлость, распространение светских знаний, которые принесли с собой русские переселенцы в результате присоединения Казахстана к России, требовало серьезного пересмотра мировоззренческих ориентиров, установок и образа жизни казахского народа. Казахам нужно было приспособиться к этим новым условиям, а мысль о необходимости изменить образ жизни и покончить со старым образом мышления пронизывает всю казахскую просветительскую и демократическую мысль.

Идеалы казахских мыслителей периода Просвещения по проблемам будущего общественного устройства заметно не совпадали с представителями западных просветителей. Если просветители Запада, вопреки своим убеждениям, объективно идеализировали буржуазный строй, как отвечающий интересам своего общества, то казахские просветители боролись за установление демократических порядков, основанных на знаниях, просвещении всего общества, обеспечивающих полную свободу и справедливость, а также участие всех в политической жизни своей страны.

Казахских просветителей от западных отличала острая критика ими самого феномена угнетения. В этом отношении просветители Казахстана внесли большой вклад в развитие мировой просветительской мысли.

Анализируя духовные смыслы мировоззренческих представлений казахских просветителей, следует отметить, что философские идеи мыслителей казахской степи, раздвигая границы своего времени, стали значимыми и ценными в условиях обретения новых мировоззренческих ориентиров и перспектив духовного развития с позиций идеологии «Мәңгілік ел», ярко выраженный в послании Президента Республики Казахстан «Нұрлы жол – Путь в будущее».

Рассматривая специфические особенности казахского просветительства, необходимо помнить о взаимовлиянии, взаимообогащении и взаимодополнении других сфер общественной жизни социума, где с обретением Казахстаном независимости усилилась необходимость осмысления философской культуры казахского народа как культуры, диалогизирующей с общемировым контекстом. Понимание духовных основ существования казахов, их самобытности и специфики предполагает переосмысление философского наследия казахского Просвещения, чья философия проникнута ощущением полноты бытия и поисками смысла и назначения человека в этом мире.

Известно, что философия приобретает национальный характер не в ответах, так как научный ответ для всех народов и языков – один, а в самой постановке вопросов, в подборе этих вопросов. Специфика казахской просветительской философии заключается в ее этической окрашенности и эстетической насыщенности, что делает философию казахского Просвещения этичной и эстетичной по самой своей сути.

Мы полагаем, что казахскую просветительскую философию, где всегда доминировала этическая мысль, методологически верно было бы рассматривать как некую целостность, как взаимосвязанные между собой этические феномены, у которых в ходе эволюции в новом историческом контексте появляются новые грани и акценты. Примечательно, что такое осмысление и видение казахской философии Просвещения, по ходу развития которой уходили отжившие понятия, но появлялись новые идеи, обогащенные новым содержанием, включает в себя и духовную эволюцию конкретных мыслителей, в философских взглядах которых имеются более ранние и более поздние периоды, зачастую существенно различающиеся между собой.

Возрождение подлинного интереса к собственным философским истокам и, в частности, к философии казахского Просвещения укрепляет национальное самосознание и единство казахского народа, выступающие государствообразующими ценностями.

***Казахская просветительская философия как этап
в духовном развитии казахского народа***

Если понимать философию в ее исконном смысле, а именно как любовь к мудрости, самопознанию и постижению жизни, выраженную во всеобщих мыслительных формах, а не только как особый род рационально-логического знания, то казахских просветителей, чье духовное наследие являет собой квинтэссенцию казахской философии, с полным правом можно назвать мыслителями, поднявшими казахскую философскую мысль на прежде небывалую высоту. Идея служения, идея приоритета национального и народного над личным лейтмотивом проходит сквозь все философское творчество представителей казахского просветительства.

Пульс и ритм казахской просветительской мысли определяется одним коренным вопросом – это истоки жизни народа, судьбы народа, возможности его приобщения к общечеловеческим ценностям и прогрессу. На протяжении всей своей жизни казахские просветители беззаветно и самоотверженно боролись за торжество идеалов разума и гуманизма. В творческом наследии представителей казахского Просвещения обнаруживается гуманистическая концепция, рационалистическая оценка смысла человеческого бытия и утверждение права человека на полноценную и счастливую жизнь на земле.

Қазақстанда дәстүрлі мәдениет пен заманауи құндылықтардың тиімді сұхбаты жүзеге асырылып отыр. Әлемдік даму аясында тәуелсіз Қазақстандағы ұлттардың тұтасуына, ұлттық өзіндік сананың өрбуіне ұлтаралық және дінаралық татулық, діни төзімділік, елде тұрып жатқан өзге халықтардың еркіндігіне, туған жерге, үлкенге деген құрмет таныту сияқты өткеннің құнды мұраларының маңыздылығы жоғары. Бұл құндылықтарды тасымалдаушы дәстүр ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп, күйреуден қорғап қалатын қорғаушы механизмі нығая түседі. Жаһандану үрдісі мен қоғамдық жүйедегі әлеуметтік дүмпулер өзге де мәдени-өркениеттік құрылымдарға деген қызығушылықтарды арттырып, мәдени сұхбаттың рөлін көтереді. Қоғамдағы жаңару үдерістерін жүзеге асыру барысында мемлекеттің ашықтық қағидасы да маңызды рөлде; мәдени окшаулану мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты кеңейте алмайды. Дәл осы себептен мәдениет қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан жаңаруындағы басты фактор болып табылады.

Жаһандану кеңістігіндегі этномәдениеттің жағдайы туралы позитивті ой айтқан ағылшын әлеуметтанушысы және мәдениеттанушысы Р. Робертсон болатын. Оның көзқарасы бойынша, «этнологтардың ұлттық мәдениеттің жаһандану кеңістігіндегі кері жағдайы туралы қорқыныш-үрейі себепсіз. Өйткені, адамзат жаһандану процесінің бірнеше кезеңдерін басынан өткерген болатын». Ол ары қарай былай деп түсіндіреді – «глобустың дүниеге келуінің өзі жаһандану үрдісінің бір көрінісі» [Berry 2004]. Ағылшындық профессор, Иван Берниер «Жаһандану және мәдениет» (Globalization and Culture) деген мақаласында жаһандану процесі және оның беретін нәтижелеріне байланысты мынадай ойтұжырым айтады: «Жаһандану дегеніміз таңдау жасау. Яғни жаһандану дегеніміз америкаландыру да, батыстандыру да емес... Біздің таңдау жасауға толық құқығымыз бар. Біз нені таңдағымыз келсе, соны таңдай аламыз. Біз қандай да бір шет елдік әртісті ұнатқымыз келсе, сол әртісті ұнатамыз, яғни бізде шек жоқ... Біз таңдау жасауға құқылымыз». Дж. Гатдула жаһандану процесінің Филиппин еліне тигізген позитивті жақтарын көрсетеді: «Филиппин елі ашық экономика жүйесін ор-

натқаннан кейін елдің хал-ахуалы (қоғам өмірінің барлық салалары) өрге басты» дейді [Bernier 2008].

Қазақстандық мәдениеттің жаңғыртылуы, өз кезегінде елдің экономикалық дамуын жылдамдатып, еліміздегі бейбіт өмірдің негізін нығайтады. Ал қоғамдағы негізгі саналатын ұлттың мәдениетіне жат дәстүрлердің, тіпті олардың алдыңғы қатарлы элементтері мен үлгілерін енгізу оның ауқымды және тұрақты дамуын қамтамасыз ете алмайды. Тек туған жерде өніп, ана сүтімен сіңген мәдениет қана табысты ұлттық егемендіктің кепілі бола алады. Сонымен қатар, ұлттың мәдениеті – заманауи қоғамдағы мәдениеттің түрлері мен формаларының терең негізі. Оның бойында ғасырлар бойғы жинақталған рухани тәжірибе жатыр, ол арқылы ұлттың мұраты, адамгершілік қағидалары қалыптасады.

Қоғамның рухани дамуына мәдениеттен айрылу мен ұлттық білім беру жүйесіндегі тәрбие үрдісінің құлдырауы, әлеуметтік мәдени ортада технократиялық ойлаудың үстемдік етуі, қоғамдағы түрлі дүниетанымдық көзқарастар жағдайында жалпы ұлттық идея мен идеологияның болмауы барлығы да бір деңгейде қауіпті болып табылады. Бұл жағдайда мәдени мұра әлеуметтік-мәдени үдерісті қолдаудағы халықтың санасезімінің қалыптасуы мен дамуында, ұлтаралық келісімде маңызды рөл атқарады. Оның мәні елде өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың санасезімін нығайтудың маңызды элементін, олардың толыққанды өзара қатынастарының – ұлтаралық, мәдениаралық, дінаралық қатынастарының негізін, сондай-ақ, рухани тұйықтықтан арылудың кезеңдері мен формаларын құрайды [Қойгелдиев 2005].

Жалпы барлық ұлттың түп-тамыры бір, оларды бір-бірінен ажырататын мәдени ерекшеліктер және олардың барлығы бірыңғай адамзат тарихының негізін қалыптастырады. Хайдеггердің пікірінше, адам өзіне оралу арқылы ғана әлемдік мәдениет пен тарихынан белгілі нәрсені қабылдай алады. «Орынсыз» (безместный) адамның қасіреті экологиялық апатқа әкеп соқтырады, себебі ондай адамның бұл әлемде орны жоқ, ешқандай да мәдениетті мойындамайды. Ол дәстүрінен алшақтап, өзін қоршаған ортасын бөтенсінеді. Осы тұрғыда философ, әлемді біртұтас ретінде қабылдауға үміт артады. «Мәдени әлемге» жету жолында ақиқатқа деген монополиядан арылу қажеттілігін атап өтеді. Белгілі мәдениетті түсіну үшін, сол мәдениетті ғана жетік білу аздық етеді, кейбір сәтте мәдениетті жасап, өз орныңды анықтап, дәстүрді қайта жандандырып, сақтап, мәдени мұраны бағалау маңызды болып табылатындығын пайымдайды [Хайдеггер 1993].

Тәуелсіз мемлекет ол сонымен қатар, бәсекеге қабілетті мемлекет. Осы тұрғыда біздің ендігі күш жігеріміз мемлекеттілігімізді нығайтуға;

Қазақстанның заманауи мемлекет ретінде дамуына; еліміздің аймақтарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге; халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға; ХХІ ғасырға сай білім, әлеуметтік саланы дамытуға; ұлтаралық келісімді сақтауға; қазақ халқының моральді және рухани құндылықтарын ары қарай да дамытуға; дінаралық келісім мен төзімділікті орнатуға бағытталады. Еліміз өз егемендігін орнатуда маңызды қадамдарға барды:

- Қазақстан Республикасы БҰҰ қызметіндегі барлық салаға белсенді қатысады, олардың қатарында: халықаралық бейбітшілікті орнату, тұрақты дамуға атсалысу, адам құқығы мен қоршаған ортаны қорғау, отбасы, әйел және балаларды әлеуметтік қорғау;

- ұлт белгісіне, дініне қарамастан барлығына еркіндік пен құқық теңдігін қамтамасыз ететін азаматтық және саяси қауымдастық құру үшін арнайы құқықтық база құрылды;

- ұлттық саясат пен ұлтаралық сұхбатты жүзеге асыру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды, ол ұлттар мәдениетін жандандырумен қатар, түрлі ұлт өкілдерін құралған мәдени орталықтарды біріктіріп, ұлтаралық қатынас саласында мемлекеттік органдарға арнайы ұсыныстар дайындайды;

- тіл саясаты жемісті түрде жүзеге асып жатыр. Еліміздегі тіл байлығы жалпықазақстандық мәдениетті дамыта отырып, көпұлтты мемлекетіміздің бірлігін нығайтудағы маңызды фактор ретінде саналады.

Осы тұрғыда Фрэнсис Фукуяманың сөзін келтірген орынды: «Бүгінгі таңда алуан түрлі мәдениет айырмашылықтары мен оның қызмет ету негіздерін терең түсінудің маңызы зор, себебі саяси да, экономикалық та жаһандық бәсекелестік мәдениет терминдерімен жиі түсіндіріле бастайды» [Фукуяма 2004].

Қорыта келе, мәдениеттің тұтастығын, бірлігін сақтап, ұстану қоғамның ілгері жылжуының, тұрақтылығының басты шарты болып табылады. Бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енуді көздеген еліміз үшін дамыған алдыңғы қатардағы мемлекеттердің тәжірибесін қабылдау маңызды болып келеді. Бүгінгі күні Қазақстан Шығыс пен Батыс елдерінің тәжірибесін қабылдап та үлгерді. Мәдени-тарихи кезеңде дәстүрді тасымалдау барысында жаһандану аясындағы дәстүрлі мәдениеттің бойындағы құндылықтарды қайта қарастырып, оларды қоғамның бірлігін, мәдени тұтастығын нығайта түсуге бағыттау оңтайлы қадам.

Жаһандану аясында қазақстандық мәдениет пен өркениеттер сұхбатына түсуге барынша әзір. Бұл сұхбат ұлттық дәстүрдің терең танылуына ғана емес, әлемдік мәдениеттің дәстүрімен салыстыру арқылы ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалуға септігін тигізеді. Бұл

идеялардың барлығы ұлттық доктрина, яғни Елбасының бастамасымен үлкен ұлттық идеяға айналып отырған «Мәңгілік Ел» сияқты мемлекеттің идеологиялық тұжырымдамасының мазмұнында орын алды. Аталған тұжырымдама елде тұрып жатқан халықтың ұйысуына, олардың бірлігіне бағытталған, ұлы ойшылдардың философиялық еңбектерінде көрініс тапқан идеялар. Елбасы аталған идеяны жаңғыртып, жетілдіре түсіп қазіргі заманының талаптарына сай мазұндармен толықтырып, қоғамның оңтайлы өзгерістеріне бағттауда.

Библиография

Berry, J. 2004. 'Acculturation and psychological adaptation: review', *Journeys into cross-cultural psychology: Selected papers from the 11-th International conference of the International association for cross-cultural psychology held in Liege, Belgium* / ed. By Bouvy A.M. et. al. Swets Zeitlinger, pp. 139–140.

Bernier, I. 2008. 'Cultural diversity and international trade regulation'. UK: Polity press, p. 64–68.

Курманбаева, Н. 1996. 'Культура Востока и Запада: проблемы интеграции'. Алматы, КазНУ им. аль-Фараби, 160 с.

Койгельдиев, М. 2005. 'Мәдени мұра және қоғамдағы тарихи таным қалыптасуының ерекшеліктері', «Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы» Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Алматы, 72 б.

Масалимова, А. 2003. 'К проблеме идентификации цивилизационных ценностей', *Казахстанская цивилизация в контексте глобализации и поиски путей культурной идентификации: Материалы международной научной конференции*. Алматы, сс. 83–87.

Назарбаев, Н. 2014. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі, 18.04. 'О переходе казахской письменности на латинскую графику' 2007 – Предварительная аналитическая справка "О переходе казахской письменности на латинскую графику" (Рабочая группа Комитета науки МОН РК, сс. 12–14.

Риккерт, Г. 1998. 'О системе ценностей'. М., сс. 363–391.

Фукуяма, Ф. 2004. 'Доверие: социальные добродетели и путь к процветанию'. М., АСТ, 730 с.

Хайдеггер, М. 1993. 'Время и бытие: статьи и выступления'. М., Республика, 447 с.

Шайкемелов, М. 2012. 'Противоречивость соотношения архетипов традиционной культуры с императивами модернизации', *Устойчивость этнокультурных систем в контексте динамики глобализации. Материалы городской научно-практической конференции Научно экспертной группы АНК*. Алматы, с. 126.

Шалабаева, Г. и др. 2003. 'Культура Казахстана в мировом культурном пространстве'. Алматы, 208 с.

References

Berry, J. 2004. 'Acculturation and psychological adaptation: review', *Journeys into cross-cultural psychology: Selected papers from the 11-th International conference of the International association for cross-cultural psychology held in Liege, Belgium* / ed. By Bouvy A.M. et. al. Swets Zeitlinger, pp. 139–140.

Bernier, I. 2008. 'Cultural diversity and international trade regulation', UK: Polity press, pp. 64–68.

Kurmanbaeva, N. 1996. 'Kul'tura Vostoka i Zapada: problemy integracii' [Eastern and Western Cultures: Problems of Integration]. Алматы, KazNGU im. al'-Farabi, 160 s.

Kojgel'diev, M. 2005. 'Madeni mura zhane kogamdagy tarihi tanym kalyptacuynyn erekshelikteri [Cultural Heritage and Peculiarities of Historical Knowledge in Society], *Kazakctannyn madeni muracy: zhanalyktary, maceleleri, bolashagy: Halықаралық gыlymi konferencijanyñ materialdary*. Алматы, 72 b.

Masalimova, A. 2003. 'K probleme identifikacii civilizacionnyh cennoctej' [On the Problem of Identification of Civilizational Values], *Kazahctanckaja civilizacija v kontekste globalizacii i poicki putej kul'turnoj identifikacii: Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii*. Алматы, cc. 83–87.

Nazarbaev, N. 2014. Kazakctan Recpublikacynyn Prezidenti N.A.Nazarbaevtyñ Qazakctan halky Accamblejacynyn XXI ceccijacynda cojlegen cozi [Speech by President Nursultan Nazarbayev in the Twenty-First Session of the Assembly of Peoples of Kazakhstan] 18.04.

'O perehode kazahckoj pic'mennocni na latinckuju grafiku' 2007 [On the Transfer of the Kazakh Alphabet to Latin], Predvaritel'naja analiticheckaja cpravka «O perehode kazahckoj pic'mennocni na latinckuju grafiku» (Rabochaja gruppa Komiteta nauki MON RK, cc. 12–14.

Rikkert, G. 1998. 'O sisteme cennoctej' [On the System of Values]. M., ss. 363–391.

Fukujama, F. 2004. 'Doverie: social'nye dobrodeteli i put' k procvetaniju' [Trust: The Social Virtues and The Creation of Prosperity]. M., 730 s.

Hajdegger, M. 1993. 'Vremja i bytie: stat'i i vystuplenija' [Time and Being: articles and speeches]. M., 447 s.

Shajkemelov, M. 2012. 'Protivorechivoct' cootnoshenija arhetipov tradicionnoj kul'tury c imperativami modernizacii' [Contradictory Relation Archetypes of Traditional Culture With the Imperatives of Modernization], *Uctoјchivoct' jetnokul'turnyh cictem v kontekste dinamiki globalizacii. Materialy gorodckoj nauchno-prakticheckoj konferencii Nauchno jekcpertnoj gruppy ANK*. Алматы, 126 s.

Shalabaeva, G. et al. 2003. 'Kul'tura Kazahstana v mirovom kul'turnom prostranstve' [Culture of Kazakhstan in the Global Cultural Space]. Алматы, 208 s.

Мұрат Насимов (Қызылорда, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ЖАРНАМА: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Аннотация. Саяси жарнама – бұл саяси субъектілер мен объектілердің қатынастарына тәуелді азаматтардың ұстанымдарына ықпал жасайтын байланыстың ерекше түрі. Қоғам мен саяси жарнама арасындағы өзара байланыстарды екі жақты қарауға болады: жарнамалық қызмет қоғамның саяси дамуына себепші болады, екінші жағынан қоғам жарнама технологияларын дамытады. Сонымен қатар, бұл сайлау науқаны барысындағы саяси коммуникацияның электоратқа қысқа, өзіндік тез жаттауға құрылған адрестік ықпал жасаудың түрі. Саяси жарнама нақты саяси күштер саяси тұғырнамасының мәнін көрсетеді, сайлаушыларды қолдауға шақырады, саяси күштер туралы ойларды көпшілік санасында қалыптастырады, дауыс беруге қажетті психологиялық жағдай жасайды. Қазақстан Республикасындағы заманауи саяси жарнаманы негізгі екі топқа жіктеуге болады: электораларалық кезеңде қолданылатын жанама және сайлау науқаны процесінде қолданылатын тікелей саяси жарнама.

Түйін сөздер: жанама саяси жарнама, электораларалық кезең, тікелей саяси жарнама, сайлау науқаны, бұқаралық ақпарат құралдары, теледидар, ғаламтор, әлеуметтік желілер.

Кіріспе

Қазіргі заманның негізгі белгісі ақпараттық технологиялар саласының қарқынды дамуы саналады. Аталмыш дамулар негізінде адамзаттың қоғамдық өміріндегі барша құндылықтар өзгеріске ұшырады. Айта кететін жәйт, бұл өзгерістер заман ағымына сай әрдайым тұрақты түрде жаңарып отырады.

Халық пен билік арасын өзара жақындастыратын саяси жарнаманың қоғам дамуындағы орны ерекше саналады. Тәуелсіздікке дейін балама жоқ қоғамдық өмірде саяси үгіт-насихат басымдық танытса, саяси нарықта нағыз бәсекелестік туындаған шақта саяси жарнама технологияларын пайдалану қажеттілігі туындады. Бұл жаңа беталыс тек Қазақстан Республикасында ғана емес, посткеңестік елдердің барлығында жаңа құндылықтар қатарында болды.

Аталмыш түсінікті КСРО-ның жаңа тәуелсіз мемлекеттеріндегі саяси ғылымдарда зерттеу ХХ ғасырдың аяғында қолға алына бастады [Пе-

тербургские выборы, 1999] және ғылыми еңбектердің басым бөлігі осы кезеңдерге тұспа-тұс келеді. Бұл құбылысты саяси күрес шарттарының өзгерісіне байланысты деп баға беруімізге болады.

Берілген түсінікті Батыс елдерінде зерттеу ерте басталды. К. Хопкинстің 1923 жылы жарық көрген «Ғылыми жарнама» [Хопкинс, 2014, 88 б.] атты еңбегі жарнамаға жаңаша көзқараспен қарауға бастама болды.

Сайлау науқанындағы саяси жарнаманың ықпал ету мүмкіндіктері [Ансобелер, Чантоу 1996, 256 б.], және оны санада қабылдау [Дайнгнаулт, Сорока, Тьерри, 2013, 167–186 бб.], саяси маңызды ақпараттың жарнаманың өзге түрлерімен бәсекелестігі [Коуат 2004, 772–804 бб.], теледидардың тұрғындарға ықпалы [Джентков 2006, 931–972 бб.], мәселе жөніндегі экспериментальді зерттеулер [Гроссер, Артур 2006, 235–248 бб.] жөнінде жарияланған ғылыми мақалалар назардан тыс қалмауы керек деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасында сайлау науқаны [Насимов, Паридинова 2012, 137–140 бб.] және күнделікті қоғамдық өмірдегі құндылықтарды үндеуде саяси жарнаманың өзіндік ерекшеліктері бар [Насимов, Қалдыбай, Паридинова 2013, 1129–1134 бб.].

Соңғы жылдары ресейлік [Гринберг 2012, 280 б.; Кузнецов 2012, 127 б.] және қазақстандық ғылымда берілген тақырып бойынша толық тұжырымдалған зерттеулердің аздығы байқалады. Сонымен қатар, зерттеулердің басым бөлігі электораларалық кезеңде қолданылатын жанама саяси жарнама мәселесіне қарағанда, сайлау науқанында қолданылатын саяси жарнамаға мән берілетіндігі көзге түсіп отыр.

Әдістер

Зерттеу жұмысының әдістемелік және теориялық негізін шет елдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері құрайды. Ретроспективті және салыстырмалы тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелі-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері арқау болды. Салыстырмалы саясаттанудың әдістері мен тәсілдері, азаматтармен жүргізілген сауалнама деректері қолданылды. Зерттеудің міндеттері танымның жалпы ғылыми әдістері мен пәнаралық тәсілдерді қолдану негізінде ашылды.

Негізгі бөлім

Саяси жарнаманың дамуы. Саяси жарнаманың даму тарихы тереңде жатыр және ол төрт рет орын алған ақпараттық төңкерістер дәуірінде тың серпілістер иеленді. Адамзат тарихындағы *бірінші ақпараттық*

төңкеріс б.э.д. 3500 жыл бұрын жазудың шығуы және таралуымен тығыз байланысты.

Екінші ақпараттық төңкеріс XVI ғасырлардың ортасында баспахананың пайда болуымен индустриалдық қоғамды тұтасымен өзгертті. Кітап басу мәдениеттің дамуына ықпал жасап, адамзат өмір-салтын қайта ұйымдастыру үдерісі жүзеге асты.

XIX ғасырдың соңында электр қуатының пайда болуына байланысты *үшінші ақпараттық төңкеріс* нәтижесінде ұзақ арақашықтықты байланыстыру үрдісі адамдардың телеграф, телефон, радио пайдалануына мүмкіндік берді.

XX ғасырдың ортасындағы *төртінші ақпараттық әрі технологиялық төңкеріс* компьютердің пайда болуымен тығыз байланысты. Бұл кезең компьютерлік желілердің қарқынды түрде қалыптасуы, материалдар базасының толықтай электрондалуы, ақпараттық, коммуникациялық және интернет-технологиялардың дамуымен ерекшеленеді.

Қазақ халқының өткен тарихына үнілсек, саяси жарнаманың кейбір элементтері болғаны байқалады. Мәселен, «Бес ғасыр жырлайды» кітабында мынадай деректер кездеседі: «Керей, Жәнібек хандардың ақылшы биі болған Асан қазақ руларының орда көтеруін жақтайды, қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ел іргесі берік, ағайын ұжымы күшті болуын үндейді. Өз өлең, толғауларында хандық үкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажетін насихаттайды. Жәнібек ханды табысқа мастанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. Феодалдық қоғамдағы әдет-ғұрып, мінез-құлық мәселелерін көтереді. Өзінің ақындық күшін туыстас руларды бір орталықты, қуатты мемлекет етіп ұйыстыру жолына арнайды. Біздің заманымызға жеткен толғауларынан Асанның қилы кезең табиғатын жыға танығаны, тіпті Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтардың бәрінің құрып бітетініне дейін болжай алғаны көрінеді» [Бес ғасыр жырлайды 1989, 8 б.].

Қазтуған жырау өмір туралы, атамекен, туған ел мен әскери тақырыптағы туындылар жазса, Доспанбет жырау шығармаларында көшпенді жауынгерлердің бейнелік тұлғасы, батырлық кейпі көрінеді. Жорық жыршысы болған Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа біріккен мықты феодалдық мемлекет құру идеяларының ұраншысы қызметін атқарса, шонжарлар тұқымынан шыққан Жиёмбет жырау хан үкіметіне қарсы болады. Ақтамберді толғауларында атқа қонуды, ойраттарға қарсы соққы беруге, жұртшылықты ерлікке үндеп, қарсы келген жауға қорықпай шабу насихатталады.

Өз заманының үздік үгітшісі Бұқар жырау қалың қазақтың рухани талабына қызмет етті. Ол үгіттеу жолында адалдыққа, адамгершілікке,

ерлікке, бірлікке шақырып, күнделікті өмірдің мерейлі де шуақты қағидаларын уағыздады. Сонымен бірге, қазіргі тілмен айтсақ ол Абылай ханның саяси имиджін қалыптастырды [Иватова, Насимова, Насимов 2008, 48–49 бб.]. Жарнамалық ақпараттың алғашқы жазбалық нұсқалары «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттерінде жарияланса, кейін «Қазақ», «Алаш», «Серке» секілді газеттер де жарнама саласындағы өз қызметтерін жалғастырды.

Қазақстан Республикасындағы заманауи саяси жарнаманың қалыптасуы осы уақытқа дейін төрт кезеңге бөлінген болатын:

саяси жарнаманың қалыптасуындағы *бірінші кезең* – 1991–1995 жж. шетелдік тәжірибені көшірумен ерекшеленеді, БАҚ-да ақпараттық хабарлама тарататын алғашқы жарнамалар пайда болды. Берілген кезеңде жарнамалық кеңістіктің дамуы басталды. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде алғашқы қадамдарын жасады. Ел тұрғындары арасында жаңа құндылықтар пайда бола бастады. Саяси жүйедегі өзгерістер халыққа газет-журналдардағы мақалалар, теледидардағы хабарлар мен суреттемелер көмегімен жеткізілді. Осы материалдар арқылы қоғам мүшелері жаңа саяси ұғымдарды түсіне бастады. Саяси жарнама түрлері өте қарапайым болды. Барлығы Кеңестік үкіметтен қалған үгіт-насихат түрінде жүргізілді. Тікелей саяси жарнамаға қарағанда, жанама саяси жарнама түрлері дами бастады. Коммерциялық жарнаманың да қарқынды дамуы осы кезеңге сәйкес келеді.

Саяси жарнаманың қалыптасуындағы *екінші кезең* – 1995–1999 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде саяси жарнаманың заңнамалық негізі қаланды (ҚР Конституциясы, «Сайлау туралы» Конституциялық Заңы, «БАҚ туралы» Заң қабылданды). Қазақстандық қоғамның стратегиялық және тактикалық дамуының бәсекелестігі туралы бағдарламаларды тұрғындарға жеткізудегі ақпараттандырудың жаңа түрлері пайда бола бастады, жанама саяси жарнама дамыды. Саяси жарнаманың қарапайым түрлерінің пайдаланылуы жалғасын тапты. Саяси ақпараттандыру бұқаралық ақпарат құралдарында қарқынды түрде дамыды. Елбасының «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» жолдауы телерадио эфирлерінде берілді, газет беттерінде жарияланды, жарнамалық қалқандарға ілінді.

Үшінші кезең – 1999–2004 жылдарды қамтиды. Жарнамалық қызметті реттеудің негізі болып табылатын «Жарнама туралы» Заң қабылданды. Өткен сайлау науқандары жарнаманың тікелей әдістерінің дамуына ықпал етті. Қазақстан Республикасындағы алғаш рет баламалы түрде өткен Президент және Парламент сайлауларында саяси жарнаманың тікелей түрін

пайдалану қажеттілігі туындады. Екі сайлау науқандарына Ресейдің саяси технологтары араласты. Саяси жарнаманы жасаушылар идеясының аздығы байқалды. Кейбір саяси партиялардың, кандидаттардың сайлау науқанындағы белсенділігі төмен болды және саяси жарнамаға қарағанда, саяси үгіт-насихат кеңінен қолданылды. Жанама саяси жарнаманың рөлі өсе түсті. Жарнама түсінігі қалыптасып, заңдастырылды.

Төртінші кезең – 2004 жылдан қазіргі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Жарнамалық кеңістікті реттейтін және ережелерін қалыптастыратын саяси-құқықтық негізінің жаңару процесі жүруде. Саяси жарнаманың мазмұны мен түрлері көпқырлылығымен танылып, жанама және тікелей саяси жарнаманың технологиялары қатар қызмет атқара бастады. Саяси жарнама толықтай қалыптасты. 2004 жылғы Парламент және 2005 жылғы Президент сайлауында қолданылған саяси жарнама тәсілдерінде өзгерістер пайда болды. Сайлаушыларға ықпал етудің жаңа әдістері қолданылды. Саяси партиялар мен лидерлер ұрандарының күресі басталды. Барлық саяси ұйымдардың дамуы үшін күнделікті саяси жарнамалау қажеттілігі туындады. Саяси жарнаманың барлық тәсілдері дамыды [Ивадова, Насимова, Насимов 2008, 111–112 бб.].

Келтірілген тұжырымдама 2008 жылы жарияланғандықтан, жеті жылдық мерзімді қамтитын саяси жарнама дамуының бесінші кезеңі – 2009 жылдан қазіргі күнге дейінгі мерзімді қамтиды деуімізге негіз бар. Бұл кезеңде саяси жарнаманың, әсіресе, жанама технологияларының дамуы көрініс тапты. Электораларалық кезеңдегі саяси жарнама кейбір тұста әлеуметтік жарнамамен синтезделуі байқалады. 2011 және 2015 жылдардағы Президент сайлауы, 2012 жылғы Парламент сайлауы науқандары саяси жарнаманың дамуына ықпал жасап, кең ауқымда Интернет, әлеуметтік желілерді пайдалану тиімді екендігі дәлелденді. Әлеуметтік желі арқылы саяси ақпарат беру, оны сараптау және басқа да мүмкіндіктерін талдауға мемлекет мән бере бастады.

Электораларалық кезеңдегі жанама саяси жарнама. Қазақстан Республикасындағы соңғы жылдар реформаларының негізгі мақсаты болып 30 бәсекелес елдердің қатарына ену саналады. Осы шарттардағы саяси дамудың негізгі заңдылықтарын пайдалана отырып, тиімді жаңғырудың орын алуына, алдыңғы қатардағы әлеуметтік-экономикалық деңгейге шығу саяси жүйенің барлық күштеріне байланысты. Реформалар процесі жалпылай барлық қоғамды қамтиды. Сонымен қатар, экономика, әлеуметтік сала, рухани мәдениет қамтылып, саяси жүйенің динамикалық өзгерістері негізінде шешімі табылуы тиіс жағдайларға да ықпалын тигізеді.

Елімізде орын алып жатқан жаңғыру процестері Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын арнайтын жолдаулары арқылы айқындалады. Бұл жолдаулар еліміздің даму жолындағы Елбасының халық алдындағы есебі және алда орындалатын міндеттер іспеттес. Жыл сайынғы жолдау халық арасына саяси жарнаманың түрлі тәсілдері арқылы кең таралып, қоғам мүшелерінің санасында жатталуда. Бүгінгі таңда халқымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы және «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасындағы құндылықтар мен басты бағыттарға жету жолындағы атқарылуы тиіс қызмет түрлерімен жанама саяси жарнама арқылы ақпарат алуда.

Тікелей жарнамалық әдістермен байланысты түрлі деңгейдегі конференциялар (баспасөз, ғылыми-тәжірибелік және т.б.), дөңгелек үстелдер, акциялар, көрмелер, семинарлар, тұсаукесерлер, брифингтер мен сұхбаттар жанама технологиялар үлесінің дамуына септігін тигізеді. Жастар арасында өткізілетін флеш-мобтар саяси мәдениеттің дамуына ерекше қырынан ықпал жасайды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттау, Қазақстанның халықаралық имиджін жоғарылатуға бағытталған кешенді шаралар, облыс, қала әкімдері арасындағы рейтингтерді жариялау шын мәнінде қоғам мүшелеріне жанама түрде ықпал жасайтындығын мойындаймыз [Насимов 2014, 48–50 бб.].

Саяси жарнаманың қоғам мүшелері арасында кең таралуы бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына байланысты. Бүгінгі таңда саяси жарнаманы тиімді пайдалану электронды БАҚ-та, әсіресе, *теледидар* мен *ғаламторда* жүзеге асып жатыр.

Қазақстан билігі өз саясатының оң имиджін қалыптастыру үшін әрдайым теледидарды пайдаланып келеді. Бұл әлі де болса отандық аудиторияның теледидарды пайдалануымен тығыз байланысты деген пікірдеміз.

Осы жылдың 19 наурызы мен 9 сәуірі аралығында DEMOSCOPE бюросы «Ақпарат дерек көзі. БАҚ-қа сенімділік деңгейі. Журналист мамандығын түйсіну» тақырыбында қоғамдық пікірдің мониторингін жүргізген болатын. Астана, Алматы және Қазақстанның 14 облыс орталықтарын қамтыған сауалнамаға 1771 сұхбаткер қатысты. Оның 71 пайызы 18 жастан асқан әйелдер қауымы болса, сәйкесінше 29 пайызын ерлер құрады.

Қазақстандықтардың 40 пайызы Интернетті басты ақпарат көзі деп көрсеткенімен, еліміздің 48 пайыз тұрғыны үшін теледидар ақпарат-

тың негізгі қайнар көзі болып табылады. Сұхбаткерлердің 7 пайызы жаңалықтарды радиодан тыңдаса, 4 пайызы баспа беттерінен танысады.

Жаңалықтарды Интернет арқылы білуге құмарлықты астаналықтар танытса – 61 %, алматылықтардың 40 пайызы Интернетті ақпарат көзі ретінде дұрысырақ көреді. Ал, Жамбыл облысының 90 пайыз тұрғыны (еліміздегі ең жоғарғы көрсеткіш) теледидарды жаңалықтардың басты жеткізушісі ретінде санайды.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, жерлестеріміздің басым бөлігі ақпаратты мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарынан (58 %) алғанды қалайды. Сұралғандардың 19 пайызы мемлекеттік емес ақпарат көздерін таңдағанымен, міндетті түрде билік жағындағы БАҚ-ты дұрыс көреді. Респонденттердің 6 пайызы шет елдік БАҚ жаңалықтарына назар аударады екен [Курсивкz 2015].

Интернет кеңістігінің дамуы жаңамедиалардың дамуымен қатар, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар санын толықтырды. Азаматтық журналистика саласында серпіліс байқалып, ғаламтор желілерінде қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларды кез келген қолданушы орналастыру мүмкіндігі туындады. Интернет, оның ішінде әлеуметтік желілердің саяси сахнадағы рөлі жоғарылай бастады. Мәселен, 2011 жылғы Жанаөзен оқиғасы күндерінде түсірілген бейнесюжеттер отандық азаматтық журналистиканы дүр сілкіндірді. Барлығымыз білеміз, оқиға орын алған сәттерді бейнекамераға тәжірибелі операторлар емес, куәгерлер түсірді. Нәтижесінде алғаш интернет-ресурстарда пайда болған ақпарат медиакеңістікте кеңінен тарады және телеарна жаңалықтарында осы сюжеттер ақпараттың қайнар көзіне айналды.

Отандық әлеуметтік желілер арқылы саяси сахна кейіпкерлерінің күлкіге айналған сәттері де жетерлік. Мәселен, бұрынғы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.С. Әбденов 2013 жылдың Қазнеттің жарық жұлдызына айналды. Алғашында теледидар арқылы жарық көрген экс-министрдің танымал пікірі кейін ғаламторда көрермендері мен оқырмандарын көбейтті. Google-де «патамушта патамушта» кілт сөзі бойынша жалпы іздеу нәтижелері 373 000 болса, бейне көрсетілімдер саны 18 800-ге жеткен (*2015 жылдың 14 маусымындағы мәлімет*).

2015 жылы Шалқар қаласы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басшысы Аян Қорқытұлы қазақстандық телеарналардың біріне берген сұхбаты YouTube порталында жарияланып, әлеуметтік желіде күлкіге қалды. Нәтижесінде «чики-чики» сөзімен жұлдызға айналған шалқарлық шенеунікке тәртіптік кеңес шешім шығарып, бір ауыздан «мемлекеттік

қызметкердің ар-намыс кодексін бұзды», – деп айыпталды [Tengrinews.kz 2015].

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікір қалыптастырудағы ақпараттардың басты тақырыптары мыналар: *қоғамдық қауіпсіздік мәселелері* (полиция қызметкерлері мен азаматтар арасындағы түсініспеушіліктерді желіге қою, соңғы кезде көбейіп кеткен педофилдер, өзгенің жеке бас бостандығын сыйламау, кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар және т.б.); *қоғамдық этикалық құндылықтар мәселелері* (суицид, жат қылықтарға, құмар ойындарға бағыныштылық, тұлғаға қарсы зорлық-зомбылық көріністері, жағымсыз кейіпкерлер қалыптастыру); *педагогикалық мәселелер* (мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, ҰБТ кезіндегі сенсациялық жаңалықтар мен қулық-сұмдықтарды ақпараттандыру, мектеп бітірушілердің тест жауаптарын таратуы). Міне, мұның барлығы ғаламторда көрініс табатын, адамның саяси санасына жанама түрде ықпал жасайтын ақпарат түрлері.

Сайлау науқаны процесіндегі тікелей саяси жарнама. 2011 және 2015 жылғы Президент сайлауы және 2012 жылғы Парламент сайлауы науқаны саяси жарнамаға жаңа қырынан қарауды талап етеді [Насимов 2014, 50–55 бб.]. Әсіресе, ғаламторда көп отыратын жастарды сайлау науқанындағы ақпаратқа қарағанда, оларды қолдап дауыс беруге шақыру тиімдірек саналатыны анық.

2015 жылғы Президент сайлауында іс басындағы мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев жеңіске жеткені белгілі. Елбасының сайлауалды штабы саяси жарнама технологияларының түрлі құралдары мен әдістерін пайдаланды. *Сайлау науқаны барысында Президенттікке үміткерлер штабтары еліміздің барлық аймақтарындағы арнайы орналастырылған ақпарат тақталарына үгіт-насихат материалдарын орналастырды. Басылымдар мен телеарналардағы сайлауалды жарнаманың дәстүрлі түрлерін барлық кандидаттар толығымен пайдаланды. Дегенмен, Н.Ә. Назарбаевтың штабы Интернет пен әлеуметтік желілер мүмкіндіктерін белсенді түрде қолданғандығын ерекше атап өтуіміз қажет. Тек Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының ресми сайтында баспасөз хабарламасын пайдаланумен шектелгендігі байқалады.*

Келесі 2016 жылы елімізде Парламент сайлауы өтетіндігі баршамызға белгілі. Зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының Интернет-ресурсында көрсетілген отандық тоғыз саяси партиялардың сайлаушылармен байланыс орнатуда орны бар ресми сайттары мен әлеуметтік желілердегі жазбалар жиілігіне мән бердік (Кесте 1, 2015 жылдың 12 шілдедегі мәлімет бойынша):

Кесте 1. Қазақстан Республикасы саяси партияларының ғаламтордағы белсенділігі

№	Саяси партия	Ресми сайт туралы сипаттама	Әлеуметтік желілердегі белсенділік
1	Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы	Ресми сайт «Негізгі бет», «Партия жайлы», «Қоғам және саясат», «Жастар қанаты», «Әйелдер қанаты», «Социнтерн», «Видео», «Байланыс» атты бөлімдерден тұрады. Қазақ және орыс тілдеріндегі беттері тұрақты түрде жаңартылып тұрады және орыс тілді ақпараттарға басымдық берілгендігі байқалады.	Әлеуметтік желілердегі белсенділіктері төмен.
2	Қазақстанның «Азат» Демократиялық партиясы	Ресми сайт «Басты», «Партия жаңалықтары», «Партия туралы», «Байланыстар», «Сайт картасы» бөлімдерінен тұрады. Мәліметтер тек орыс тілінде беріледі және соңғы ақпарат 2013 жылғы 14 наурызда өткен кездесу туралы берілген.	Әлеуметтік желілердегі белсенділіктері төмен.
3	Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы	Ресми сайт «Басты бет», «Оқиғалар», «Партия», «Бағдарлама», «Фракция», «Баспасөз қызметі», «Желіде», «Азаматтардың жолданымы» атты 8 бөлімнен тұрады. Қазақ және орыс тілдеріндегі беттері жаңалықтар жиілігіне орай жаңартылып отыратындығы байқалады және орыс тілді нұсқа ақпараттарының жиілігі өте жоғары. Ағылшын тіліндегі беті 2014 жылдың 02 сәуірінде жаңартылған.	Әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялау жиілігі төмен.
4	Қазақстан Коммунистік Халық партиясы	Ресми сайт «Жарғы», «Бағдарлама», «Басшылық», «Кері байланыс», «Байланыс», «Ақпарат», «Сайлау 2015», «Билікке жолданған хаттар», «Сараптама», «ҚКХП БАҚ», «Жаңалық-тар», «Партия тынысы», «Депутаттық сауалдар», «ҚКХП туралы БАҚ» атты негізгі бөлімдерден тұрады. Қазақ және орыс тіліндегі мәліметтер үнемі жаңартылып тұрады. Сайтта партияның әлеуметтік желілердегі парақшаларына енгуге мүмкіндік жасалған.	Ақпараттар Ютуб парақшасында 2 ай, Твиттерде 6 ай көлемінде жаңартылмаған. Әлеуметтік желілердегі белсенділіктің төмендігі байқалады.

5	Қазақстан патриоттары партиясы	Ресми сайт партия төрағасы Ғ.Е. Қасымовтың ресми сайты жанынан құрылған. «Басты», «Өмірбаян», «БАҚ», «Фото», «Видео», «Байланыстар» атты бөлімдерден тұрады. Орыс тілді ақпараттарға басымдық жасалған және қазақ, ағылшын тілдеріндегі беттері ұйымдастырылу үстінде.	Әлеуметтік желілердегі ақпарат партия төрағасының Фейсбук, Инстаграм парақшалары негізінде белсенділік танытады.
6	Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы	Саяси партияның ресми сайты жұмыс жасамайды.	Фейсбуктағы ресми парақша мәліметі 2015 жылдың 13 наурызында жаңартылған.
7	«Нұр Отан» партиясы	Ресми сайт «Партия», «Фракция», «Жаңалықтар», «Бағдарламалық құжаттар», «Аймақтар», «Қоғамдық қабылдау бөлмесі» атты бөлімдерден тұрады. Қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі мәліметтер үнемі жаңартылып тұрады. Партияның тың жобаларымен танысуға мүмкіндік мол. «Жас Отан» Жастар қанатының да жеке сайты бар.	Әлеуметтік желілерде де ақпаратты өз уақытысында беріп отырады және ресми сайт арқылы енуге болатын мүмкіндік бар. «Мой мир», «Одноклассники», VK.comда ресми парақша-лары жоқ

«Бірлік» саяси партиясы, Қазақстан Коммунистік партиясының ресми Интернет-ресурстарының жұмыс жасамай тұрғаны ерекше назар аударарлық жағдай. Бұл саяси партиялардың жаңа заман технологияларына мән бермейтіндігін және заманауи технологияларды игерген болашақ электоратымен байланыс үзгендіктерін көрсетеді. Сонымен қатар, «Бірлік» партиясы құрамындағы бұрынғы «Руханият» партиясының ресми сайты әлі жұмыс жасап тұр және 2014 жылдың 19 сәуірінде жаңартылған.

Қорытынды

Әлеуметтік мүдделер негізінде қоғамға қажетті түсініктер мен азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік-саяси тәрбие жүргізу, қоғам мүшелеріне қажетті құбылыстарға үгіттеу және жат қылықтардан сақтануды насихаттау, саяси процестерде орын алып жатқан жаңа құндылықтармен ақпараттандыру, тәсілдері мен кезеңдерін түсіндіру секілді міндеттерді жүзеге асыратын саяси жарнаманың әлеуметтік-саяси процестегі рөлі өте жоғары.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бүгінгі күнде Интернет азаматтардың саяси мәдениетін жоғарылатуда, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірде ерекше орын алады. Ғаламтордағы саяси жарнама

барша әлемдік қауымдастық, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, саясаткерлер үшін жаңа құбылыс. Еліміздегі саяси күштер ғаламтордағы жеке вебсайттары мен әлеуметтік желілердегі парақшаларын тәжірибелік алаң ретіндегі көзқарастарын тоқтатуы керек деп ойлаймыз.

Саяси жарнаманың әлеуметтік желілердегі рөлін зерттеу маңызды саналады. Әсіресе, ғаламтор пайдаланушылардың әлеуметтік желілерді қолданудағы мақсаттарын айқындау қажет. Өйткені, идеологиялық және ұйымдастырушылық деңгейлері бойынша билік құндылықтарын мойындамайтын жазбалардың жариялануы жасырын қолданушылар белсенділігіне байланысты. Қолданушының жалған парақшалары, түрлі мақсаттарды көздейтін қауымдастықтардың манипуляциялық қимылдары, компьютерлік тролльдер қақпанына түсу қаупі де басым. Әсіресе, ғаламтордың жасанды қоғам құрудағы әрекеті саяси жағынан пысықталып, зерделенуі керек. Қазіргі ақпараттандыру ғасырындағы әлемдік білімді қалыптастыру барысында ғаламтордың беріп отырған мүмкіндіктерін пайдалануда білім қоғамын құру мақсатындағы тиімді тұстарына назар аударған жөн деп санаймыз.

Библиография

Ansolabehere, S. & Shanto, I. 1996. 'Going Negative: How Political Advertisements Shrink and Polarize the Electorate'. New York, The Free Press, p. 243.

Бес ғасыр жырлайды 1989, том I. Алматы, Жазушы, 1989. Т.1., 384 б.

Coate, S. 2004. 'Political competition with campaign contributions and informative advertising', *NBER Working Paper*, vol. 8693, december 2001, pp. 1–50.

Daignault, P. et al. 2013. 'The Perception of Political Advertising During an Election Campaign: A Measure of Cognitive and Emotional Effects', *Canadian Journal of Communication*, vol. 38, pp. 167–186.

Гринберг, Т. 2012. «Политические технологии. ПР и реклама». М., Аспект-Пресс, 320 с.

Gentzkow, M. 2006. 'Television and Voter Turnout', *Quarterly Journal of Economics*, vol. 121, issue 3, pp. 931–972.

Grosser, J. & Arthur, S. 2006. 'Neighborhood Information Exchange and Voter Participation: An Experimental Study', *American Political Science Review*, vol. 100, pp. 235–248.

Hopkins, C. 2014. 'Scientific Advertising'. New York, Merchant Books. p. 102.

Иватова, Л., Насимова, Г.Ө., Насимов, М.Ө. 2008. «Саяси жарнама: теория және тәжірибе». Алматы, Ценные бумаги, 220 б.

Кузнецов, П. 2012. «Политическая реклама. Теория и практика». М., ЮНИ-ТИ-ДАНА, 127 с.

Насимов, М. 2014. «Жаңғыру жағдайындағы саяси жарнама (Қазақстан Республикасы мысалында)», Мемлекеттік басқару және қызмет, 3, 2014, 46–56 бб.

Nassimov, M. & Paridinova, B. 2012. 'The Differences of Using the Political Advertising Technologies during the Electoral Period in the Republic of Kazakhstan', *Proceedings of the Conference for Problems of modern economy*, pp. 137–140, Chelyabinsk, Russia: Two Komsomol members.

Nassimov, M. et al. 2013. 'Features of Political Advertisement in the Republic of Kazakhstan', *Middle East Journal of Scientific Research*, vol. 14, issue 8, pp. 1129–1133.

«Основным источником информации в Казахстане является телевидение». 2015. [Электронный ресурс]. URL: http://www.kursiv.kz/news/details/obshestvo/osnovnym_istochnikom_informatsii_v_kazahstane_yavlyaetsya_televidenie_700/ (дата обращения: 27.04.2015).

«Список книги по политической рекламе и связям с общественностью». 1999. [Электронный ресурс]: URL: http://www.elections.spb.ru/razdel9/politrek_a.htm (дата обращения: 12.07.2015).

««Чики-чики» сөзімен аты шыққан шалқарлық шенеунікке қатысты шешім шықты». 2015. [Электронный ресурс]: URL: http://kaz.tengrinews.kz/strange_news/chiki-chiki-sozmen-ati-shyikkan-shalkarlyik-sheneunkke-262635/ (дата обращения: 12.07.2015).

References

Ansolabehere, S. & Shanto, I. 1996. 'Going Negative: How Political Advertisements Shrink and Polarize the Electorate'. New York, The Free Press, p. 243.

Bes gasyr zhyrlajdy 1989, tom I. Almaty, Zhazushy, 1989. T.1, 384 b.

Coate, S. 2004. 'Political competition with campaign contributions and informative advertising', *NBER Working Paper*, vol. 8693, december 2001, pp. 1–50.

Daignault, P. et al. 2013. 'The Perception of Political Advertising During an Election Campaign: A Measure of Cognitive and Emotional Effects', *Canadian Journal of Communication*, vol. 38, pp. 167–186.

Grinberg, T. 2012. 'Politicheskie tehnologii. PR i reklama'. M., Aspekt-Press, 320 s.

Gentzkow, M. 2006. 'Television and Voter Turnout', *Quarterly Journal of Economics*, vol. 121, issue 3, pp. 931–972.

Grosser, J. & Arthur, S. 2006. 'Neighborhood Information Exchange and Voter Participation: An Experimental Study', *American Political Science Review*, vol. 100, pp. 235–248.

Hopkins, C. 2014. 'Scientific Advertising'. New York, Merchant Books. p. 102.

Ivatova, L. et al. 2008. 'Sajasi zharnama: teoriya zhane tazhiribe'. Almaty, Cennye bumagi, 220 b.

Kuznecov, P. 2012. 'Politicheskaja reklama. Teor DANA, 127 s.

Nassimov, M. 2014. 'Zhangyru zhagdajyndagy sajasi zharnama (Kazahstan Respublikasy mysalynda)', *Memlekettik baskaru zhane kyzmet*, 3, 2014, 46–56 bb.

Nassimov, M. & Paridinova, B. 2012. 'The Differences of Using the Political Advertising Technologies during the Electoral Period in the Republic of Kazakhstan',

Proceedings of the Conference for Problems of modern economy, pp. 137–140, Chelyabinsk, Russia: Two Komsomol members.

Nassimov, M. et al. 2013. ‘Features of Political Advertisement in the Republic of Kazakhstan’, *Middle East Journal of Scientific Research*, vol. 14, issue 8, pp. 1129–1133.

‘Osnovnym istochnikom informacii v Kazahstane javljaetsja televidenie’. 2015. [Jelektronnyj resurs]. URL: http://www.kursiv.kz/news/details/obshestvo/osnovnym_istochnikom_informatsii_v_kazahstane_yavlyaetsya_televidenie_700/ (data obrashhenija: 27.04.2015).

‘Spisok knigi po politicheskoy reklame i svjazjam s obshhestvennost’ju’. 1999. [Jelektronnyj resurs]: URL: http://www.elections.spb.ru/razdel9/politrek_a.htm (data obrashhenija: 12.07,2015).

‘«Chiki-chiki» sozimen aty shykkan shalkarlyk sheneunikke katysty sheshim shykty’. 2015. [Jelektronnyj resurs]: URL: http://kaz.tengrinews.kz/strange_news/chiki-chiki-sozmen-ati-shyikkan-shalkarlyk-sheneunkke-262635/ (data obrashhenija: 12.07.2015).

О ФИЛОСОФИИ И ЖИЗНИ В ФИЛОСОФИИ

15 декабря 2015 года академику НАН РК, доктору философских наук, профессору Досмухамеду Кшибековичу Кшибекову исполнилось 90 лет.

Редколлеги журнала и коллектив Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК сердечно поздравляют патриарха казахстанской философии с торжественным юбилеем и желают ему крепкого здоровья, творческого долголетия и новых научных свершений.

Накануне юбилея член-корреспондент НАН РК, доктор философских наук, профессор Наталья Сейтахметова встрети-лась с юбиляром. Предлагаем вниманию читателей ее беседу с Д.К. Кшибекова.

Уважаемый Досмухамед Кшибекович, научному миру известна ваша полемика с философами Казахстана по поводу знаменитого тезиса: философия – это наука или не наука. Вы отстаивали научный статус философии, изменили Вы свое понимание философии сегодня?

- Да, вспоминаю. Вообще, я всю свою жизнь, что-нибудь доказываю. Когда-то я отстаивал главный для казахской культуры тезис о невозможности рассмотрения ее вне кочевой цивилизации, затем – о научном статусе философии. О том, что философия – не наука, а способ жизни, говорили еще античные философы, позднее – Монтень, ну и конечно, Мартин Хайдеггер своим вопросом о том, что такое философия?, ввел ученых вновь в дискуссию об этом. Хайдеггер – несомненно, великий из всех философов XX века, обозначил вновь проблему актуальной своевременности философии в жизни общества и отдельного человека. Сегодня вопрос о том, наука ли философия, т. е., можно ли считать ее научной, доказательной, сфера ли она того знания, которое является фундаментальным, далеко не праздный и совсем не из области риторики. Философию сегодня изгоняют ото всюду, как бедную родственницу, от которой мало прока, но много проблем. Философию определяли по-разному. «Философия – наука об абсолютной истине», «философия – системное знание» и т. д.

Мы не имеем права забывать роль философии как «альмама-матер» наук. Философия – целостная мировоззренческая и методологическая наука. Неслучайно в дипломе современного ученого в соответствующей

графе будет указано: «PhD» доктор философии, а далее – название той науки, в которой он специализируется. Философия всегда своевременна и всегда актуальна, в любых социокультурных реалиях ее роль будет превосходящей, поскольку она формирует интеллектуальный потенциал страны, а значит, духовно-нравственную безопасность.

Что, по Вашему, самое главное для ученого?

- Не искать проторенных путей. Методом проб и ошибок доходить до истины самому. Быть самим собой. Я не повторял общеизвестные истины, не комментировал труды других авторов: искал свои аспекты исследований, развивал свои потенциальные возможности. В этом деле, думал я, даже если ошибусь, пусть меня покритикуют, но зато помогу другим, чтобы на моих упущениях, даже ошибках, «выпрямляли» и развивали науку. В этом я солидарен с Иммануилом Кантом, который подчеркивал, что нечего опасаться быть опровергнутым. Опасаться следует другого – быть непонятым. В меру своих сил попытался придерживаться этого принципа. Соблюдая его, полнее осмысливал свою научную деятельность. Этот принцип, под влиянием моих научных руководителей был заложен в моих кандидатской (1953) и докторской (1965) диссертациях и последующих изысканиях.

Я старался быть самим собой, иметь свое суждение, свое толкование. Мне представляется, что истинное творчество должно строиться на в первую очередь на собственном понимании мира. Его формировал на основе изучения и осмысления объективных факторов, процессов, анализа тех или иных концепций. Никогда слепо не шел на поводу чужих идей, если убеждался, что это не соответствует реальности, причем, не важно были зарубежные научные авторитеты или местные. Бывает, что зарубежный автор прав, исходя из местных условий, а изменившиеся условия требуют иного (творческого) подхода.

Досмухамед Кишибекович, Вы известный ученый, который практически впервые не просто заговорил о кочевой, номадической цивилизации, но реконструировал феномен кочевой культуры с позиции философской рефлексии, с применением междисциплинарных подходов. Почему номадическую цивилизацию раскрывали необъективно в советский период?

- Не то что не объективно. Вообще, умалчивалось, всячески преуменьшалось ее значение. Это связано со многими факторами: фальсифицированием истории, попыткой представить полноправное развитие казахской культуры только с приходом советской власти и многими другими. Да, и сегодня исследования по кочевой цивилизации оставляют желать луч-

шего, поскольку присутствуют необъективность, научная недобросовестность. Это недопустимо. Изложение должно быть объективным, иметь логику смысла, ведь мы не только восстанавливаем объективную картину прошлого, но и формируем историческое сознание, без которого общество не может быть полноценным.

Для меня очень важным было следовать тем научным принципам, которые не только раскрывали содержание номадической культуры, но и открывали ее диалогический потенциал, толерантность к другим культурам.

